




# JULDYZ

ЖҰЛДЫЗ



7/2020





Баянғали  
ӘЛІМЖАНОВ



# ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ТОЛҒАУ

*Қазақ-орыс-неміс соғысы мен достығы  
туралы роман-толғау*

*(Жалғасы. Басы өткен санда)*

## Қажетті шегініс

Сөйтіп, өмір жолым ойламаған жерден басқа жаққа бұрылып кете барды. Енді өз басымды ғана арашалауды ойламай, қолымнан келгенше біреулерді сақтандыруға, жазықсыз жандарды қамауға алуға жол бермеуге, кейбіреулерді НКВД-ның жазалаушы машинасынан құтқарып қалуға тырысатын болдым.

Сұмдық заманның айла-шарғыға толы амалдарын зерттей келе бұрын шолақ белсенді болған, қазіргі сөз тасушы салпанқұлақ – құпия қызметкерлердің жұмысындағы бір ерекшелікті байқадым. Олар болашақ құрбандықты қақпанға түсіру үшін әуелі күмәнді әңгімеге тартады екен. Өкіметтің кейбір әрекеттерін сынға алғансып, әртүрлі дәрежедегі басшылардың қандай да бір істерімен келіспейтінін білдіріп, наразылығын айтады. Арандатады. Әрине, шыншыл да адал адам өйтіп ашық сөйлеп тұрған кісіден күмәнданбай, әңгімеге араласып, бұл жөніндегі өз пікірін білдіріп, нақты деректер келтіреді. Салпанқұлаққа керегі сол – домалақ арыз жазып жіберуге жеткілікті материал тапты, шындық іздеген байғұстың да тағдырын шешті. Сондай зұлымдықты көргенде қаным қайнап, әлгіндей арамзалардың кеңірдегін жұлып алғым келетін. «Оу, бауырларым-ау, неткен аңқаусындар, неге сонша сенгішсіңдер?! Арандатқан әңгімеге иланбандар, тілдеріңе сақ болыңдар!» – деп кең даланы басыма көтеріп, жар салар ма едім! Осының екеуін де істей алмайтын болғандықтан, халқыма аз да болса нақты іспен көмектесуге ұйғардым. Енді әлгі сұрқиялардың қаскөйлік әрекеттерін аяқтауына мұрша бермеу үшін сатқындардың өздерін сата бастадым. Сол үшін қазір, өмір жолым аяқталып, жаным көкке ұшар сәт жақын қалғанда да өкінбеймін! Әрине, ондай ештеңе болмағаны жақсы-ақ еді! Сәби кезіміздегідей періште күйімізде қалсақ қой, шіркін!.. Бірақ, өмірде адамның алдынан



әрқашан жолайырық шығады — екiнiң бiрiн танда. Қайтпас қайсар максималист болғымыз келедi, нағыз адам андай, мындай болуы керек деймiз... Оның бәрi жақсы ғой, бiрақ моралистер мен дiни уағызшылар асыл мұрат тұрғысынан адамның қандай болуы керектiгi туралы айтады! Асыл мұрат — нақты шындық емес, ал бiз шын мәнiсiнде не болғаны, адам өзiн сол сәтте қалай ұстағаны туралы айтуға тиiспiз! Жер бетiндегi өмiр деген сол, онда бәрi де болады. Жаратқан Иемiз адамға ғұмыр сыйлағанда өмiрдегi барша сынақтан өтсiн, бақытты да көрсiн, қасiреттi де бастан кешсiн, ойланып, сол ойын жеткiзе бiлсiн, әрекет етiп, жасампаздыққа ұмтылсын, күрессiн деп берген! Адам — перiште емес, оны сол қалпында қабылдап, жан дүниесiн сол күйi түсiнуге тырысу керек! Ондайды қаламасаңыз да үкiм шығаруға асықпаңыз!

Менiң өмiр жолым, ғұмыр тарихым теп-тегiс болған жоқ, бiрақ шынайы. Ол маған осы күйiнде ыстық!

Бiр күнi тергеушi әнгiмелесуге шақырды.

— Ал, қане, тезiрек көңiлiмдi көтершi! Әйтпесе, байқаймын, жүйкем жұқарып жүр! — дедi ол.

Сөзiнiң астарында қорқыту жатыр. Егер оның жыны ұстап кетсе, жағдай насырға шабады. Сонда да даланың аңқау қазағы болып көрiнудi жалғастыра бердiм.

— Сiздi қуантуға қашан да әзiрмiн! Қонаққа келiнiз! Ең семiз қойды соямыз... Ет асамыз, самогон!

Қарқылдап күлiп жiбердi.

— Сен өзiң қойсың! Семiз болмасаң да! Iшiп— жеуге үлгеремiз. Қойын жайылып жүре берсiн, бiздiң қарнымызды тоғайту үшiн дәру шөптeрдi жеп, қондансын! Ал қазiр басқаны жегiм келiп тұр! Халық жауларын әкел!

— Жоқ олар! — дедiм ерiксiз.

— Қалай жоқ?

— Бiттi бәрi! Ұсталып, атылып кеттi!

Ол мырс ете қалды.

— Сондай нақұрыс болмашы! Бiрiншiден, сен әлi ешкiмдi ұстап берген жоқсың. Екiншiден, халық жаулары әрқашан табылады! Арақ таусылуы мүмкiн, ал халық жаулары ешқашан таусылмайды!

— Әйтеуiр бiздiң ауданда жоқ! — деп қасарыстым мен. — Шынымен бәрiн баяғыда ұстап әкеттi! Қалғандары марксизм-ленинизм-сталинизм iлiмiн қатаң ұстанады, заңды бұзбауға тырысады!

— Былай, Асанбай, — дедi тергеушi дауысын бәсендетiп. — Берi қара, адамдар бiрлесiп, халық құралады. Солардың арасынан бiреуi ерекше көзге түсiп немесе басқалардан аулақтай бастаса, халық жауы — сол! Сондайларды ұстау керек!

Ендi қасарысуға болмайтынын ұқтым, бiрақ қулығымды жалғастыра бердiм.

— Сiздi ендi түсiне бастадым, — дедiм бағыныштылық танытып. — Бiрақ оларды iздегенде мұқият болу керек, әйтпесе сөвет өкiметiне шын берiлген, жазықсыз, адал адамдар зардап шегуi мүмкiн!

— Iзде, iзде, — деп мақұлдады ол. — Iздеген адам бiр мая шөптiң iшiндегi иненi де табады! Ал ендi адал, шын берiлген адамдарға келсек... Сенiң ағайындарыңа, жалпы жат жерлiктердiң ешқайсысына сенбеймiн! Олар бiздiң өкiметтiң жаулары, ерiк өзiмде болса түгелiмен лагерьге тығар едiм! Сонда бәрiмiзге жақсы болар едi! Бiздiң де құлағымыз тыныш, олар да қауiпсiз өмiр сүредi! Келешекте солай болатын шығар. Ал әзiрше нақты адамдармен айналысайық. Бiр аптаның iшiнде жасырынып жүрген халық жауының бет

пердесін сыпырып, аты-жөнін жазып бер! Таппасан, өзінді айдатып жіберемін! Жоспарды орындауға бір адам жетпей тұр!

Қорыққан түр көрсетіп, басымды ізей бердім, бұрыннан мазалап жүрген бір ой бар еді, соны іске асырудың сәті енді түскен сияқты. Тек ұсақ-түйегіне дейін ойластырып, нақты кірісу ғана қалды. НКВД қызметкері ештеңеден күдіктенетін емес, көңілі толып, бұрынғы әдетімен темекісін тұтатты.

Жоспар туралы айтқаны бекер емес. Жұрттың айтуынша, әр облысқа, әр ауданға халық жауларын анықтау туралы жоғарыдан нақты жоспар түсіріледі екен. Жоспар орындалмаса, сол аудандағы қызметкер жолдастар жұмысты нашар істейтін болғаны. Онда өздерін тұтқындайды. Сондықтан әр аудан жоспарды мерзімінен бұрын әрі ептеп артығымен орындауға тырысады. Қосыңқырап, артығымен орындау — жоспардан тыс тағы бір-екі адамды атып тастау немесе лагерьге жөнелту. Жел сөз бе, құрғақ статистика ма — білмеймін, бірақ сол кездің шындығы осы. Енді міне, сондай сұмдық жоспарды орындауға өзім де қатысатын болдым!

Бұрынғы шолақ белсенді, қазір жұрттың айтқанын астыртын тындап, сыртынан көрсетіп жүрген бір салпаңқұлақты ұстатып жіберуді көптен ойластырып жүргенмін. Оны бүкіл аудан халқы жек көретін, бірақ көптеген адам, тіптен бастықтар да аяғын тартады. Сақтанатын жөні де бар. Жала жауып, сыртынан көрсету арқылы талай адамды берісі — лагерьге, әрісі — ана дүниеге аттандырған сұмпайының өзі. Сол құбыжыққа өз тәсілін қолданып, көзін құртатын уақыт жетті деп шештім. Осы бір қауіпті операцияны мұқият ойластырып, асқан сақтықпен қолға алдым. Әуелі аудандық және облыстық НКВД басшыларына салпаңқұлақтың зиянкестікпен айналысып жүргені жайында бірнеше домалақ арыз түсірдім. Асыра сілтеуге құмар, сол арқылы халықтың алдында совет өкіметінің беделін түсіреді деп жаздым. Белсенді кезінде өзіне берілген өкілетті асыра пайдаланып, кедейлердің ішіп-жемдік азық-түлігін сыпырып алды, дала халқын жаппай аштық пен қырғынға ұшыратты.

Әуелі батылым бармағанмен, кейін ойлана келіп, тергеушінің өзін де әлгінің сонынан жіберу керек деп ұйғардым. Жазықсыз жандарды аяусыз қаталдықпен қамауға алып, тойымды білмес етартқышқа аттандырудан жалықпаған қанішердің екі қолы шынтағына дейін қанға малынған. Халқымызды қырып-жоюды шын көңілімен құлшынып, рахаттанып істейтіні соншалық, көрген адамның төбе шашы тік тұрады. Құзыры жүретін аймақтың тұрғындарын қан қақсатып, үрей-құтын ұшыратын. Қорқыныш буған халық оған қарсы бір ауыз сөз айта алмайды, жауызды іштей қарғайтын. Қолданатын тәсілдері түп-түгел зымияндыққа құрылған. Қаным қайнап, үкімін баяғыда кесіп қойғам, бірақ орындаудың амалын таппай жүргенмін. Осы ой маза бермейтін. Қасиетті жеріміз ондай жендеттен арылуға тиіс. Сөйтіп, өздерінің әдісі бойынша, НКВД-ның жоғарғы құрылымдарына үстінен домалақ арызды жаудырта бердім.

Әрине, олардың темір шеңгелінен шығу оңай емес, мүлдем құтыла алмауым да мүмкін, оны түсінетінмін. Бірақ, соған саналы түрде бардым, ештеңеге өкінген жоқпын, опат болсам өзіммен бірге ала кетер жастығымды дайындап, өз кегімді өзім ала берейін деп шештім. Мүмкіндік бар кезде дұшпандарды барынша көбірек қыру керек, кейін өзіңнің уақытың келгенде жаның тыныш болады. Мені құтқарса, тек кездейсоқ жағдай ғана құтқара алады.

Күтпеген жерден сондай жағдай туа қалды.

Тура сол кезде ішкі істер халық комиссары Ежов орнынан түсіп, тұтқынға



алынды. Кейін халық жауы ретінде атып тастапты. Жаңа халық комиссары болып Берия тағайындалды, НКВД қызметкерлерінің арасында қайтадан тазарту жүргізілді. Соның арқасында Ежовтың сыбайластарын жауапқа тартуға жол ашылды, менің тергеушім мен оның құпия қызметкері — әлгі салпаңқұлақ солардың қатарынан саналатын.

Домалақ арыздарым буырқанған оқиғалар ағынына қосылса керек, көп ұзамай тергеуші мен салпаңқұлақ қамауға алынды. Кейін үштіктің үкімімен екеуім де атып тастапты деп естідік. Мейлі, алды-артына бір уыс топырақ!

Айлакерлікпен ойластырылған жоспар арқылы екі бірдей нағыз халық жауынан құтылып, көңілім орнына түсті. Анығында не болғанын қайдам, әйтеуір менің ісім тергеушімен бірге кеткен сияқты.

Содан кейін бұл мәселе бойынша мені ешкім мазалаған жоқ.

## СОҒЫС

Көп ұзамай соғыс басталды.

Ол кезде қырық бір жасқа келгеніме қарамастан, басшылардың «достық кеңесімен» алғашқылардың бірі болып өз еркіммен Ұлы Отан соғысына аттануға тура келді.

Үйдегілердің қалай шығарып салғаны әлі есімде. Халима ет асты, көп қылып шелпек пісірді. Балалармен бірге үн-түнсіз жеп отырмыз. Бәріміз жабырқаумыз. Үш ұлым мен екі қызым уайымдап отыр — бір-ақ сәтте есейіп шыға келіпті, бәрін түсінеді. Шешем батасын беріп, дұғасын оқып, құшағына басты. Көзіне мұң тұнған. Балаларымды бауырыма қысып, үнемі бірге болындар деп ескерттім.

Үйден шығарда Халима жолға жинаған түйіншекті қолыма ұстата беріп, алғаш рет жұрттың көзінше мені құшақтай алды! Көзінің жасын әрең тежеп, күбірлеп қояды:

— Өзінді сақта! Аман қайт! Бәріне ерегескенде тірі келші! Біз сені күтеміз, амандығыңды тілеп отырамыз!

Қайғыдан жүрегім езілді, бірақ амал жоқ — аттанып кете бардым.

Шұғыл даярлықтан өткен соң алғы шепке жеткенше бірер апта жаяу жүрдік. Шиыршықтай бүктеген шинелін арқасына асып, иығына винтовкасын ілген адамдар тізбектеліп шұбырып келеді. Командирлер жиі-жиі компасқа қарап бағдар түзеп, рация арқылы сөйлесіп бағыт анықтамақ болады. Жолдан адасып, бейтаныс, орманды жерді кезіп жүргенімізді бірер күннен кейін түсіндік.

Өзгелермен бірге келе жатсам да, көбінесе қиялым басқа жақты кезіп кетеді. Солдаттарға қарап, былай ойладым: «Бәріміз бірге жүріп келеміз, бірақ әркімнің өз өмірі бар! Солдат өз тағдырын арқалап келеді! Не ойлап келе жатыр бұлар? Ешкім біле алмайды. Шынымен, әр адам — жеке тарих, жазылмаған кітап! Ал өмір бір-ақ сәтте қиылып кетуі мүмкін! Сөйтіп әлгі кітап оқылмастан қала береді».

Басыма неше түрлі ой келеді, бірінен бірі қорқынышты. Солдаттардың шеруіне қарап келе жатып, миымда бір ой жарқ ете қалды: «Адам — ертеңгі өлік! Бүгін бар, ертең жоқ! Міне, солдаттар жүріп келеді, әп-әдемі жігіттер, бірақ олар біреулерді өлтіруге, өздері де өлу үшін келе жатыр!» Соғыстың қатал шындығынан қашып құтыла алмайсың, жасырынып қалу да мүмкін емес! «Осының бәрі қас дұшпанды жену үшін жасалады!» — деп қарсылық білдіреді ақылым. «Өмірдің мәні мен мағынасы өзгелерді қырып-жою арқылы жеңіске жету ме?!» — деп айтысқа шақырады ішкі дауысым. Осы

даудан, осындай дауыстардан басым жарылып кете жаздайды. Ашынғаннан онды-солды оқ боратып, соңғы патроныма дейін атып тауысып, жаудың оғына қарсы шапқым келді.

Соғыста алғаш рет шайқасқа кіргенде қорқасың. Сосын жараланып, госпитальда жатып, сауыққан соң қайтадан майданға оралғанда қорқынышты болады. Қалған уақытта бойың үйреніп кетеді, соғысып жүре бересің. Қанды қырғыннан аман қаламын деп ешкім де ойламайды. Құлағынның түбінен ысқырып оқ өте шығады, дәл қасында снаряд жарылады, ал сен тамағыңды ішіп отыра бересің. Кідіруге болмайды, тамақ суып қалады!

Алғаш рет неміс артиллериясының атқылауына тап болғанда қарауылда тұрғанмын. Жарғы бойынша күзетшінің қарауылды тастап кетуіне болмайды. Бірақ жарылыстан қорғану үшін жата қалуға тыйым салынбаған. Ал мен селтиіп тұра беріппін! Снарядтар ысқырынып ұшып өтеді немесе жақын маңға түсіп жарылады. Кенет дәл қасымда гүрс етіп жарылды, үстіме апауыр бірдеңе құлап түсті. Біттім деп ойладым! Қарасам, тірі екенмін, бірақ қозғала алмаймын. Сөйтсем, денемді түгелдей топырақ басып қалыпты, қарауылда тікелмен тік тұрған күйімде тамағыма дейін көміп тастаған. Бір кезде өзіміздің адамдар қазып алды. Қараймын, ешқандай жарақат алмаппын! Командир: «Жарайсың! Қарауылды тастамапсың!» — деп мақтады. Ал мен қорыққаннан қалшыып қатып қалғанмын!

Осы сұмдықты бастан кешкенім өзіме пайдалы болды, біртіндеп соғысқа бойым үйрене бастады. Дегенмен, біржола үйреніп кете алмайсың. Тығылатын жер жоқ — сені атып жатыр, сен де атасың. Біреудің сені атқаны онша жағымды емес, оқ самайыңды жанап өтеді, кейде сарт етіп басындағы дулығаға тиеді. Фашистер бас көтертпей оқ жаудырғанда қатқак жерге жабыса қаласың, ол саған жып-жылы, жұп-жұмсақ болып көрінеді. Жерге сіңіп, топыраққа айналып кеткің келеді, адамдардың қолымен жасалып жатқан мынадай азаптан біржола құтылсам деп армандайсың.

Таңертең жас солдаттар мінген жүк машиналары алға қарай өткенін де көрдім. Кешкісін кері қайтқанын да көрдім. Бағанағы солдаттардың мәйіттері тиеліпті, астауынан аққан қан жерге тамып, дөңгелегіне шашырап келеді. Шыр айналған дөңгелектер адамның қаны мен жердің балшығын араластырып илеп барады, машина балшыққа батып қалса қанды балшық зырқырай айналған дөңгелектің күшімен жан-жаққа бірнеше метрге шашылады. Жаным түршігіп, есімнен танып қала жаздадым. Әрине, ешкімнің де өлгісі келмейді, бірақ мына тозақтан аман қалып, үйге ораламыз деп те ойлаған емеспіз.

Соғыста көрген алғашқы өлімді ұмыта алмай қойдым. Немістер шабуылдап келе жатқан. Қазылған орға тығылып, атысып жатырмыз. Қасымда Саша деген жап-жас орыс жігіт бар, винтовкадан көздеп атуға тырысады. Бір кезде «О, дәл тиді!» — деп қуана дауыстады. Бір фашисті өлтірсе керек. Сол сәт өзі де ауырсына ышқынып, бір қырына аунап түсті. Жалма-жан басын көтердім. Көкпеңбек көзі шарасынан шығып кеткен, сыбырлап бірдеңе айтпақ болады: «Асанбай... Асанбай!» Қаны сорғалап жатыр, автоматтан түйдектеле атқан оқ кеудесін тіліп өтіпті. Басын көтеріп, жанарынан көзімді алмай күбірлей бердім: «Саш! Сашенька!». Дір ете қалды да, жан тапсырды! Шайқас біткен соң жерледік. Оның дауысы әлі де әлсін-әлсін құлағыма келеді. Өлгісі келмеген, өліп бара жатқанына сене алмаған жас жігіт не айтпақ болды екен?

Одан кейін қанша өлімді көрдім — жаппай қырылу, қаһармандық өлім, сұмдық өлім, ақылға қонбайтын өлім! Адам ажалға да үйренеді екен! Шайқас



қызған сәтте мылтықты жүгіре атып, шабуылға шыққанда немесе жан алып, жан беріскен қоян-қолтық ұрыс кезінде өзіміздің де, дұшпанның да өлігін тапап жүріп соғысатынбыз. Адам қанын тізеден кешіп жүргенімізді кейін аңғарамыз. Ыза-кекке булыққан солдаттар айуанға айналып кеткендей, сол мезет тірі жан иесін түгел қыруға дайын тәрізді.

Соғыстың бас кезінде тоқтамастан шегіне бердік. Немістердің қаруы сай, техникасы мықты. Құрыдық деп ойладық, дегенмен түбінде біз жеңеміз деген әлсіз үміт ешқашан өшкен емес. Женуге тиіспіз! Сол жеңіс үшін қарапайым совет солдаттары мен офицерлері ғажайып ерлік жасап, қиял жетпес қаһармандық көрсетті.

Жаужүрек жігіттер қарулас достарын құтқару үшін өздері құрбан болды. Мені қанша рет құтқарды, өзім қанша адамды құтқардым – есімде қалмапты!

Қысқы аязда, қар басқан шұңқырда тоңғанымыз ше! Қазір ыстық пештің қасында отырып, соның бәріне қалай шыдадық екен деп ойлаймын. Суықтан қалтырап, ыстық тамақты армандайсың, сол мезет жаудың артиллериясы атқылап қоя береді! Онсыз да жетісіп тұрғаның шамалы, енді снаряд жауып тұр! Кейде солдаттың ас үйін снаряд талқандап кетеді – қош бол, майлы сорпа мен ыстық ботқа! Амал жоқ, шыдадық!

Сұрапыл соғыстың бетбұрыс кезеңіне ілігіп, Совет Армиясы жеңе бастағанда біздің де рухымыз көтерілді. Енді ажал бізден қашып жүргендей. Жоқ, ол қашатын ба еді! Үнемі қасымызда аңдып тұрып, керегін әрқашан алатын.

Бір күні, уақытша тыныштық кезінде қасыма ерекше бөлімнің майоры келді. Іштей сақтана қалдым, бірақ абыржыған жоқпын, өйткені ол солдаттарды жиі-жиі әңгімеге тартатын. Ешкім жақтырмайды оны, амалсыздан сөйлеседі. Бірақ соны ашық айтуға ешқайсының батылы бармайды, еріксіз бағынады, майор соны малданып, өзін беделді бақылаушымын деп есептейді. Басында сатқын және тыңшы деп ешкімді кінәлаған жоқ, ешкімді тұтқындаған емес. Кейінірек бетіне перде тұтқан жау тыңшылары мен сенімсіз элементтерге қарсы күресті қатандату туралы бұйрық түскен соң шындап кірісті. Бірнеше солдат пен офицерді айып батальонына аттандырды, біреулерді атып тастапты деп естідік. Неше түрлі сұмдығы онсыз да жетіп-артылатын соғыстың осындай қатал қосымшасы да болған.

Майор әртүрлі тақырыпта әңгіме айтып, папирос ұсынды. Екеуміз шылым шектік, сонда ғана маған айырықша назары түскенін аңғардым. Қобалжи бастадым, тек далалық сабырымның арқасында сыр берген жоқпын. Сұрақтарына қысқа да нұсқа жауап беріп, мұқият тыңдап тұрмын. Жүрегім дүрсілдеп барады. Ерекше қызметтің адамдары Сәлім туралы бірден естіген болды-ау деп қорықтым. Онда маған құтылу жоқ! Тірілей берілмеймін, өлгенше соғысамын деп шештім. Бір тәуірі, автоматым қасымда, гранаттарым бар.

Майор жүріп қайтайық деп ұсыныс жасады. Бағынуға тура келді. Автоматымды алмақ болғам, қала берсін деп ымдады.

Майдан шебінен әрірек барып тұрдық. Қираған жүк машинасының қасына барып тоқтадық, майор әңгімеге енді кірісті. Дауысынан ызғар есіп қоя берді.

Қарулас серіктеріммен әңгімелесіп отырғанда соғыстың мән-мағынасыз екенін айтқанмын, біреу соны жеткізіп барыпты. Бір жолы шыдай алмай, бұл туралы не ойлайтынымды ортаға салғаным бар еді.

– Адамдар не үшін бірін-бірі өлтіреді, осыншама адамды қырып салуға

қалай дәті барады?! — деп сұрақ қойдым бір сұмдық кескілескен шайқастан кейін, қаза тапқан жолдастарымды уайымдап, жаным күйзеліп отырып.

— Не деп тұрсың? Сенінше, немістер де адам ба?! — деп қарсылық білдірді біреулер.

— Ал кім олар? — деп қоймадым мен.

— Олар адам емес! Олар — фашист! Біздікі дұрыс — оларды мүмкіндігінше көбірек қыру керек! — деп түсіндірмек болды маған.

— Біз солай ойлаймыз! Олар да солай ойлайды! Сонда адамзаттың мұраты — бірін-бірі аяусыз қырып-жою болғаны ма?! — деп мұндай қатыгездікті түсіне алмайтынымды білдірдім.

— Доғар! Қайдағы жоқты айтпа! Жарылыстан есің ауысып кеткен бе!

Қаруластарым аузымды жапқызып тынды, амалсыздан үнімді өшірдім. Бірақ сан түрлі ойлар мийымды кемірумен болды.

Сталин Кремльде отырып, адамзаттың тағдырын шешеді. Гитлер рейхстагта, өзінің бункерінде аспан мен жерді қабыстырып жатыр. Черчилль ситараның көк түтініне оранып, күн сайын қымбат коньяқтың бірнеше бөтелкесін сіміріп қойып, Англияның пайдасын көздеп қитұрқы жоспарлар жасайды. Мұхиттың арғы жағында Франклин Рузвельт дүние жүзін түгел бағындыруды ойластырып жүр. Ал Асанбай Бектеміров, қарапайым қазақ Аманжолдың баласы, неміс автоматшыларының бораған оғынан тығылып, сызды окоптың түбінде бүрісіп отыр; қолайлы мезетті пайдаланып, қарапайым әскери винтовкадан атып, оларды бір-бірлеп өлтіруге тырысады. Сонда, совет және неміс армияларының қатардағы солдаттары, қарапайым адамдар, бір-бірімізді не үшін қырып жүрміз?!

Осы ойлардан қиналып, күмәнданып жүргенімде әлгі айтқанымды біреу жеткізіп барыпты. Майор сол сөзімді түгел талдай келіп, мынауың немістермен бауырласуға шақыру деп тапты.

— Гуманизм туралы айтқансып, іс жүзінде совет солдаттарын идеялық тұрғыдан аздырмақсыз, біздің ісіміз дұрыс екеніне деген сенімнен айыруды ойлайсыз! Бұл — зиянкестік, арандату мақсатындағы идеологиялық әрекет!

— Жоқ! — деп шынғырып жібердім, әлде қорыққанымнан, әлде жөнсіз айыптауға күйіп кеткендіктен. — Біздің соғыс әділ екеніне ешқашан күмәнданған емеспін! Фашистер елімізге басып кірді, жерімізді тартып алмақ, олар — басқыншы! Біз оларға қарсы соғысып, отанымызды қорғап жүрміз, бұл — Совет Одағының әр азаматының қасиетті борышы!

— Әй, қайдам! — деп кекетті ерекше бөлімнің қызметкері. — Осы сөздерді окопта жатқанда айту керек еді, жыламсыраудың орнына! Енді ана жақ не айтар екен, көреміз соны!

Саусағымен аспанды нұсқады. Сұп-суық көздері тесіп жіберердей болып, сәл кідірді де сөзін жалғастырды.

Екінші қойған кінәсі алғашқыдан да ауыр болып шықты. Бірде зор шығынға ұшырағанымызға күйініп, солдаттарды бар даусымен «уралап», винтовкасын серт ұстап, қарлы даламен дұшпанның мықтап бекітілген қорғаныс шебіне қарай тұра жүгіріп шабуылдауға мәжбүрлейтін әскери басшыларымызды сынағанмын. Бетондалған доттар мен дзоттарда отырған фашистердің пулемет пен автоматтан төккен оғынан қанша солдатимыз қырылды! Қарамағындағы жауынгерлерді аяусыз өлімге айдап, қайткенде де Н. биіктігін алуға ұмтылған әскербасылардың мұндай тактикасын түсіне алмап едім. Сол сөзім де ерекше бөлімдегі қызметкерлердің құлағына шалыныпты.

— Сен не, ененді ұрайын сатқын! Әлде советтік әскери тактикаға қар-



сысын ба, ә?! — деп, майор кенеттен ақырып жіберді. Оның даусынан өртенген жүк машинасына қонақтап отырған құстар шошып, ұшып кетті. — Орыс солдаты қанша рет «уралай» айғайлап, дұшпанның оқ пен отына кеудесін төсеп, жеңіске жетті! Енді міне, қайдағы бір ауылдан келген әумесер сол ерлікке күмән келтіреді!

— Жок, мен біздің солдаттардың қаһармандығына қарсы емеспін! — деп батыл тойтарып тастадым, бұл әңгіме жақсылыққа бастамайтынын түсініп. — Мен тек шамадан тыс адам шығынына қарсымын!

— Солдаттың Отан үшін ерлікпен қаза тапқаны — азаттық жолындағы соғыстың асқақ та биік мәні!

— Ал оның туған үйіне жеңіспен оралғаны одан да жақсы! — деп тойтардым да, байқатпай пышағымның сабын сипап қойдым.

Майорды сол жерде өлтіріп, орманға жасырынуға дайын тұрғанмын. Ол менің ойымды оқып қойған екен. Кенет нағанын суырып алып, маңдайыма тақады.

— Сен тұтқындалдың, отанын сатқан опасы! Көтер қолыңды! Трибуналға барасың!

Біткен жерім осы. Берісі, айып батальонына жібереді, тіпті, сатқын ретінде табан астында атып тастауы да мүмкін.

Сүмірейіп, қолымды көтердім. Сонда да майордың қолындағы нағанды қалай қағып түсіруге болатынын ойластырып тұрмын.

Кенет гүрс ете қалды. Көзім қарауытып, құлап түстім. Біраздан соң есімді жидым. Басым айналып барады, қаным сорғалап тұр, басымнан жараланғанымды ұқтым. Жарамды бинтпен таңып, жан-жағыма қарадым. Жарылыс майордың денесін талқандап кетіпті — быт-шыты шыққан мүрдеге қарауға дәтім бармады.

Сәлден соң санитарлар жүгіріп келді, мені дереу санитарлық бөлімшеге апарды. Ол жерден госпитальға жөнелтті. Снаряд майордың арт жағына түсіп жарылыпты. Қарсы алдында тұрғанмын, мені снарядтан денесімен қалқалап қалған. Ол мені өлтірмек болып еді, керісінше, төніп келген ажалдан құтқарып қалды! Керемет болмағанда не бұл?! Снарядтың сынығы оң жақ самайыма шықпастай болып қадалыпты. Дәрігерлер бір апта әуреленсе де суырып ала алмай, ақыры сол күйі қалдыруға ұйғарды. Ең бастысы, өзімді жайыма қалдырды, барлық күдік-күмән мен айыптаулар неміс снаряды жарып өлтірген ерекше бөлім қызметкерімен бірге ұшып кетті.

Сабама түсіп, Жаратқан Иемізге шүкіршілік айттым, қасиетті бабаларым Марал ишан мен Салық молданың аруақтарына бағыштап дұға оқыдым.

Әскери госпитальда бір апта жаттым. Біртіндеп басымның ауырғаны бәсендей бастады, ұйқым қанып, тыңайып қалдым. Сызды окоптан кейін аурухана төсегі жұмақтай көрінеді, ыстық тамақ ішіп рахаттанғаным соншалық, соғыс аяқталғанша осында жатып, тамақты соға бергің келеді. Үйге хат жазып, газет оқып, радио тындадым. Жарақаттан айыға алмадым, ара-тұра басым шыдатпай, жарылып кетердей ауырады. Дәрігерлер емдеп жатыр, екпе салады, біртіндеп тынышталамын. Жарықшақ алынбады, сүйекке терең еніп кетіпті, мені ғана айналдыра беруге уақыт қайда — майдан шебінен жаралылар көптеп түсіп жатыр.

Ақыры шығарып жіберді, қайтадан алғы шепке аттандым. Майданға жеткенім сол еді, басым қайтадан жан шыдатпай ауырып қоя бергені. Не істейміз, санитарлар көмектесе алмады — самай сүйегіме қадалған темірдің әлегі бәріміздің есімізді шығарды. Ақылдаса келіп, қайтадан госпитальға апарды.

Госпитальда әскери дәрігерлер тылға жіберіп емдетуге шешім қабылдады. Түстен кейін қажетті құжаттарымды алып, жолға шығуым керек. Түскі астың кезінде радиодан Левитанның дауысы естілді, Сталиннің аяғын басып тұра алатын, мылтық атуға жарайтын жаралылардың бәрін алғы шепке жіберу туралы бұйрығын оқыды. Солай, қарақтарым! Бейбақ басым тағы да майдан даласында домалап кете барды. Бірер күннен кейін самайым жан шыдатпай дуылдап қоя бергені. Саусақпен қасыдым, жұдырықпен уқаладым – қоятын емес. Сол кезде тамақ әкелді. Қасықпен ботқаны көсіп алғалы тәленкеге еңкейе бергенімде, бірдеңе сылдыр ете қалды. Қарасам, неміс снарядының жарықшағы! Ұзындығы бір сантиметрдей, бір қарағанда қорқатын түгі жоқ, бірақ, адамды өлтіріп, жан шыдатпас ауруға душар ететін жоғары сапалы болаттан жасалған жіп-жіңішке, әп-әдемі темірдің сынығы ботқаның ішінде тып-тыныш жатыр! Шамасы, ағзаның өзі жатсынып, ұзақ күресіп, бөтен денені қанды іріңмен қоса шығарып тастаса керек! Басым жеңілдеп сала берді, өмірге құштарлығым қайта оянды! Бірақ жүректегі жарықшақ сол күйі қалды, одан мәңгі құтыла алмайсың. Өмір бойы қала береді! Совет өкіметі мен Сталин үшін соғысып, жаудың танкісіне қарсы атылып, пулеметке қарсы шабу оңай болып па! Мен Сталинді жек көретінмін, Гитлерді одан да жек көрдім! Шыбын жаным екі оттың ортасында шырылдаумен болды.

...Бір жолдасым екеуміз орманда келе жатқанбыз. Айнала тып-тыныш, қауіпсіз аймақ тәрізді – майдан шебі әрегіректе. Штабқа баруымыз керек. Кенет сүрініп кетіп, құлап қала жаздадым. Еңкейіп қарап едім – қарағайдың бұтағы. Бір кезде снаряд қиып түскен үлкен қарағайдың түбіне жақын өскен, жартылай үзілсе де тамырынан ажырамаған бір бұтағы шөптің үстінде жатыр. Үстінен ауыр машина өткені көрініп тұр – әлгі бұтақ жерге жаншыла тапалып қалыпты, сонда да сынбаған. Кей жері топыраққа көміліп, соның өзінде иіліп-бүгіліп өсе берген, күнге ұмтылудан танбапты! Сынған жері бітіп кеткен, тамырынан нәр алып тұр. «Бірер жылдан кейін үлкен ағаш болады!» – деп ойлады. Табиғаттың кереметіне таң қалып, бір мезет осының жасырын сыры бар емес пе деп ойлады. Сәлден соң басымды көтеріп, жан-жағыма қарағанмын – орман тып-тыныш, жанның рахаты. Жапырақтар сыбдырлап, құстар шырылдайды, ешқандай соғыс болмаған сияқты. Дауыстап жолдасымды шақырдым, жауап бермейді. Мен кідіріп қалғанда алға озып кетіпті. Өзі де көрінбейді, дауысы да шықпайды. Ұзап кетпеуге тиіс еді, алаңдай бастадым, атын атап жүгіре жөнелдім. Орман тып-тыныш.

Жолдасым сол күйі із-түзсіз кетті. Штабтағылар әбігерге түсіп, дабыл көтеріп, іздеп бақты, таба алмады. Танертең барлаушылар кеше немістердің барлаушы тобы майдан шебін кесіп өтіп, біздің тылға өткенін мәлімдеді. Солар «тіл» алған болса керек. Жоғалған жолдасымыз солардың қолына түсіп қалған болуы мүмкін. Олай болса, мені сынып түссе де тамырынан айырылмаған бұтақ құтқарып қалды!

Бірде барлаудан қайтып келе жаттық. «Тіл» алып, түні бойы жүрдік. Шаршап-шалдығып, таң алдында әлдебір қираған ғимаратқа жетіп жығылдық та бірден ұйқыға кеттік. Түс көріппін. Түсімде шешем жаңа піскен нан берді, иісі бұрқырап тұр. Шетінен бір тістеп, рахаттана шайнап жатырмын, анашым жүзінен шуақ төгіліп, басымнан емірене сипайды. Оянып кеттім. Жарық түсіп қалыпты. «Таң алдындағы түс – аян! – дейтін өмірден түйгені көп ақсақалдар. – Есінде болсын, түсінде көргенің емес, қалай жорығаның орындалады! Сондықтан, түсінді кім болса соған, әсіресе пиғылы жаман адамдарға айтушы болма. Өзің жорығаның дұрыс». Ішімнен Аллаға сыйынып, аман-есен үйге қайтып, анашымның нан-тұзынан дәм татады екем



деп ойладым. Жып-жылы, жарқын қуаныш жанымды жылытты, сонымен қатар, көңілімде әлдебір аландаушылық пайда болды. «Үйіме аман оралып, туыстарым мен жақындарымды көрсем, солармен бірге отырып бір үзім нан жесем, содан кейін өліп кетсем де арманым жоқ, тағдырыма ризашылық айтар едім!» — деп ойладым.

Кенет бір дыбыстар естілді. Біз, жеті барлаушы, жерге жабыса қалып, қарай бастадық. Сайды бойлап бір топ неміс солдатты келе жатыр. Қолдарына автомат, пулемет ұстаған елу шақты адам қапталымыздан орағытып өтпек. Біздің әскердің ту сыртынан шықпақ қой. Командиріміз Иван тез шешім қабылдап, дереу шабуылдауға бұйырды, оқыстан тап берсек жеңіске жетеміз деп шештік. Шеп құрып, жақындап келуін күттік те өзіміздің және олжа автоматтардың бәрінен бір мезгілде оқ жаудырып, гранат лақтырдық. Фашистердің қарсыласуға мұршасы келмеді, тосыннан көздеп атқан оқ көпшілігін жер жастандырды. Тек бірнешеуі ғана жауап ретінде оқ боратты, бірақ олар бізді көрмей, беталды атып жатыр. Біртіндеп бәрін өлтірдік, жараланған екеуін тұтқынға алдық.

Штабтағылар бұл ісімізге риза болып, нағыз қаһармандық деп атады. Әлгі топтың көзін жойып, құпия операцияның жолын кесіппіз. Бәрімізді наградаға ұсынды, Иван екеумізді Совет Одағының Батыры атағына лайық деп тапты!

Содан кейін қым-қуыт шайқас басталып, қанды қырғында бәрі сапырылысып кетті. Награда жайына қалды. Кім білген, мүмкін қағаздарымыз штабтағы командирлермен қоса өртеніп кеткен шығар. Соғыстан кейін балаларым әскери комиссариатқа сұраныс берген, алайда құжаттарым табылмапты.

Үш жыл алдыңғы шепте жүргенде талайды көрдім. Біреулердің қаһармандығына, басқалардың зымияндығына, солдаттардың тапқырлығы мен командирлердің кеудемсоқтығына куә болдым. Адамгершілігі мол, шынайы құрметке лайықты командирді кеудесімен жауып, оны құтқару үшін өздерін құрбан еткен солдаттар болды. Жасыратын несі бар, көркөкірек командирдің қыңырлығы мен қорлығына қаны қарайған солдаттардың шабуылға шыққанда әуелі соның өзін арқасынан атып өлтіріп, содан кейін «Отан үшін!» — деп ұран салып қаза тапқаны да болды.

Жарты денесі жарылыстан жұлынып кеткен солдаттың қаны атқылап жүріп, соңғы күшін жинап, бір бума гранатты қолына ұстаған күйі неміс танкінің астына түскенін көрдім.

Бәрінен де совет солдаттарының отансүйгіштігіне тәнтімін. Түрлі ұлттың өкілдері, солардың арасында қазақтар да өлімге бір адамдай қасқая қарсы тұрып, «уралап» шабуылға шығатын. Олар, негізінен, совет өкіметінің кезінде туып, большевизм рухында тәрбиеленген ұрпақтың өкілдері. Олар біздің басымыздан өткенді көрген жоқ, біздің білетінімізді білмейді. Ең бастысы, социализм мен интернационализм идеяларына шын сенеді. Олардың ерлігі құрметтеуге лайықты. Жанымды тырнаған жараны ұмытып, солармен бірге шабуылға шығатынымын, фашистермен жан аямай шайқастым. Кейде өзімнен: «Сен кімсің, Асанбай Бектеміров, Аманжолдың ұлы? Советтің ура-патриотысың ба, халқыңның тағдырына жаны ауыратын ұлтшыл қазақсың ба?! Әлде әділдік үшін шайқасып жүрген қарапайым солдатсың ба?» — деп сұрайтынмын. Жауап жоқ, бір күрсініп қойып, тағдырдың айдауымен жүре беремін. Ал тағдыр деген әрқашан жұмбақ.

...Бірде орман ішінде тамақ ішіп отырғанбыз. Айнала жым-жырт, жапырақтардың жан жылытар сыбдыры ғана естіледі. Кенет қасымдағы жол-

дастарымның бірі үн-түнсіз бір жағына қисая кетті. Таңдана қарасақ, өліп қалыпты. Атқан оқтың да, жарылыстың да дыбысын естіген жоқпыз. Кейін білдік, ажал оғы аспаннан түсіпті — алыс бір жақта ұшып жүрген ұшақтан атылған ірі калибрлі пулеметтің қаңғыған оғы дәл қарағұстан қадалған. Тағдырдың жазуын қараңыз — талай шайқасқа түсіп шыныққан, екі жыл бойы жарылған бомбалардың астында шабуылға шығудан тайсалмаған, жауып тұрған оқтан сескенбей жау әскері тығылған орға арыстанша атылған жаужүрек жауынгер орман ішінде тып-тыныш түскі асын ішіп отырып ажал құшты.

Бірде біздің жаяу әскерге немістердің шабуылдаушы ұшақтары тап берді. Ірі калибрлі пулеметтен оқ жаудырып келеді. Шамамыз келгенше тасаланып, үстімізде ойқастап жүрген ұшақтарды бақылап жатырмыз. Кенет адам сенгісіз оқиға болды. Штабтан қайтып келе жатқан бір офицер ашық далада жау ұшағынан жауған оқтың астында қалып қойған. Жанұшырған ол жалтара жүгіріп, ағаштардың тасасына тығылу үшін орманға қарай қашады. Неміс ұшқышы мазак қылғысы келді ме, оғы таусылды ма — белгісіз, әйтеуір әлгі офицерді қағып құлатардай-ақ төмен ұшып, қуалай берді. Кенет біздің капитан бір домалап түсіп, шалқасынан жата қалды да, нағанын алып, жер бауырлап ұшып келе жатқан ұшақты көздеп атып салды. Фашист ұшқышының басынан тигізе керек, біраз жер ұшып барып құлаған ұшақ гүрс етіп жарылды. Капитанның ерлігінен рухы көтерілген солдаттар төмен ұшып жүрген фашист ұшақтарына оқ жаудыра бастады, әлгілер қашып кетті. Командирлер капитанға жүгіріп барып, құттықтап жатты. Кейін солдаттардан естуімше, оны жауынгерлік наградаға ұсыныпты.

Қазір, жарты ғасыр өткен соң, толып жатқан тарихи оқиғалардан кейін, екі мыңжылдықтың биігінен көз тастаған адамзат сұрапыл соғысты қайта сараптап, сын көзімен қарап, жаңаша көзқарас тұрғысынан бағаламақ болады. Өртүрлі пікірлер айтып, дауласып жатады. Әрине, дүниені дүр сілкінітіп, талай нәрсені өзгертіп жіберген ондай соғыстың қыр-сыры көп, қайшылығы да жеткілікті. Сондықтан да бір-біріне кереғар, бұрмалауға толы, ағымшылдыққа бейім, субъективті және объективті пікірлер көп... Бәрін санап тауыса алмайсың... Алайда, мен бір нәрсені білемін және кәміл сенемін: егер көсемдердің ар-ұяты таза болмаса бұл үшін тарихтың алдында, Жаратқан Иеміздің алдында өзері жауап береді. Бірақ, сол соғыста төгілген солдаттың қаны кіршіксіз таза әрі қасиетті!

Біздің соғысымыз әділ болатын, біз елімізді басқыншылардан қорғадық. Елімізді тиран мен оның жандайшаптары билеп отырса не амал?! Бұл мүлдем басқа мәселе. Солдаттар билеушілер үшін емес, туған жер үшін жанын қиды!

Сел боп аққан қан мен төбеңнен төніп тұрған ажал, екі жүйенің бітіспес шайқасы адам бойындағы жақсылық атаулыны түгел тапап-жаншып, жойып жіберетін тәрізді. Бірақ, олай емес, бәрібір адам күйімізде қалдық, рухымыз сынған жоқ. Адамдар ерліктің үлгісін көрсетіп, әскери достыққа адал болды, өзін-өзі құрбан етіп, отанын қорғау үшін кеудесін оққа тосты, ән салып жүріп қаза тапты! Ия-ия, тыныштық кезде де ән салатын, ажалға қарсы да әндетіп аттанды. Халық әндерін, совет әндерін шырқадық. Шырқап қана қоймай, жаңа әндер шығарды. «Жас қазақ» әні бүкіл майданға жайылғаны әлі есімде. Бұл әннің тарихы мынадай: қан майданда қаза тапқан Төлеген Тоқтаровқа кейіннен Совет Одағының Батыры атағы берілді. Ержүрек, алғыр да білікті жауынгер қысқа ғұмырында көптеген ерлік жасады. Алғашқы автоматшылардың бірі болған ол жалғыз өзі фашистердің отрядына тұтқиыл-

дан шабуыл жасап, отыз алты жау солдатын өлтірді. Бір шайқаста оғы таусылып, ірі калибрлі пулеметтің оғы тиіп жараланады – қарны жарылып, ішегі қардың үстінде шұбатылып жатады. Қиналғанына қарамастан, бір қолымен қарнының жарығын басып, өзіне оқ атқан неміс офицеріне тұра ұмтылады. Жетіп барып автоматтың дүмімен ұрып басын жарады, фашист офицері өліп түседі. Төлеген Тоқтаров та құлап, оның үстінде жатып жан тапсырады. Оның өлімі бүкіл полкты дүр сілкінтеді, әскери санитар, композитор Рамазан Елебаев тебіреніске толы «Жас қазақ» әнін шығарады. Соғыс өртінің жалынында дүниеге келген ән бүкіл майданға таралып, қазақ солдаттарының гимніне айналды.

Қар жамылған кең дала қанға бөгіп,  
Гүрілдейді сұр аспан өлім төгіп...  
Ел қорғаған майданда жас арыстан,  
Жас қазақ, мұрттай ұшты уралап.  
Жанын қиып кете алмай жас өмірден,  
Жас қазақ жатты көзі от жайнап!

Көп ұзамай Рамазан Елебаевтың өзі де қаза тауыпты деп естідік. Бірақ «Жас қазақ» әні халықпен бірге мәңгі қалды, қазір де шырқалып жүр! Кейін білдім, Рамазан Елебаев біздің ақсары керейден шыққан екен, ауданымыздағы Құдықағаш ауылында туыпты. Ия-ия, Сәлім екеуміз Мәриям әпкемізге қыдырып барып, Алтын апаның ертегілерін тыңдаған жер! Солай! Бірақ ауылдан ерте кетіп, Алматыда білім алып, жұмыс істепті. Бұл дүниеде кездесе алмасaq та «Жас қазақ» әні шырқалған кезде ол әрқашан қасымызда, бізбен бірге жүргендей болады!

## Адамгершілік сынағы

Барлаушылар тобының командирі аға сержант Иван Петров өз ісін жетік білетін тәжірибелі маман болатын. Екеуміз бірден достасып кеттік. Бір қарағанда қарапайым мұжық тәрізді көрінетін ол көптеген ерлік жасады, қаншама «тілді» дұшпанның апанынан тікелей суырып алды!

Шайқастың алдындағы тыныштық кезінде немесе теп-тегіс далалық жерде тыныққан уақытта біз жиі әңгімелесетінбіз. Темекі салатын дорбасын баптана шығарғанда бұл өмірде содан маңызды шаруасы жоқтай көрінеді. Барбиған саусақтарымен темекі орап, махорканың қоп-қою түтінін көкірегің қере жұтады. Темекінің ашқылтым иісі біз үшін әлемдегі ең нәзік хош иістен де артық сезілетін. Түтіндетіп отырғанымызда соғысты ұмытып, арманға берілуші едік.

Бір күні Иван екеуміз алғы шептен қашық, орманның арасындағы бейтарап жермен барлауға шықтық. Мұнда тұрақты майдан шебі жоқ. Кез-келген сәтте оққа ұшуың немесе минаға түсуің ықтимал, сондықтан біздің солдаттар да, немістер де бұл маңға жоламауға тырысады. Біз секілді барлаушылар үшін бұл жер жау тылына, кейде тіпті о дүниеге өтіп кетуге қолайлы болатын.

Майдан шебін тез кесіп өтіп, фашистердің тылына жеттік. Қалың бұтаның арасымен барыс тәрізді сып етіп өте шықтық, мақсатымыз – осы тұстағы неміс күштерінің орналасу тәртібі мен саны қанша екенін білу. Қанша рет осылай барлауға шығып, «тіл» алып қайттық! Бәрі әдеттегідей еді, кенет қаһарлы дауыс шықты:

– Хенде хох!



Алда келе жатқанмын. Жаудың ақырғаны қарағұстан тиген соққыдай әсер етті, көзім қарауытып, мелшиіп тұрып қалдым да, ақырын қолымды көтердім. Иван да менің істегенімді қайталады. Басымда бір ой жалт етті: бәрі біткені ме?!

— Кімге айтып тұрмын, көтер қолыңды! Бол, тез! — деп бұйырды біреу орысшалап.

— Атпандар! Өзіміз! — деп алға қарай аттадым, қуанып кеттім. Бізді немістің жансыздары деп ойлаған өзіміздің солдаттар екеніне шынымен сеніп қалдым.

— Өзіміз, өзіміз! Бұл жерде бәрі өзіміз! Кел бері! — деп шақырды әлгі бейтаныс, бұтаның арасынан сұлбасын көрдім. Олар да екеу екен.

— Келе жатырмын! — деп жауап беріп, қолымды көтеріп солай қарай жүрдім.

Иван сол мезетті пайдаланып, бұтаның арасына сүңгіп кетті. Мен де соған ілесейін деп ойлап едім, бірақ келесі сәтте қалшыып тұрып қалдым.

— Асанбай?! Әй! Сенбісің, Асанбай?! — деп айғайлады әлгі бейтаныс қазақша.

Дауысы таныс, бірақ дәл қазір оны танитындай жағдайым жоқ еді. Серігіне ескерткен болса керек, немісше бірер сөз айтып, жасырынған жерінен атып шықты да, маған қарай жүгіре жөнелді. Кім екенін танығанымда толқығаннан басым айналып кетті.

Бұл Сәлім болатын!

— Бауырым! — деп бас салды Сәлім.

— Сәлім! — деп, екеуміз құшақтаса кеттік. Көзіме жас оралды.

Иван мен немістің не ойлағанын қайдам. Әрқайсысы өзінің тығылған орнында жатыр. Бірін-бірі, бәлкім ағайынды екеумізді нысанаға алған шығар.

Міне, тағдыр бізбен осылай ойнады — бірін-бірі көрмегелі жиырма жылдай уақыт өткен ағайынды екі қазақ майдан шебінде кездесіп, орыс-неміс автоматтарының қарауылына ілінген күйі құшақтасып тұр.

Біз бір үлкен ағаштың түбіне тізе бүктік. Толқығаннан айтуға сөз таппай қалдық. Сәлден соң есіміз кіріп, бір-біріміздің денсаулығымызды, қалай өмір сүргенімізді сұрастыра бастадық. Сәлім анамыз туралы айтуымды өтінді.

— Былтыр тірі болатын, үйде, немерелерінің қасында. Қазір өзім де білмеймін, көптен бері хат жоқ. Біз сені қаза тапқан шығар деп ойлап едік! — дедім мен.

— Көріп тұрсың ғой, аманмын! — деп жауап қатты ол. — Власовтың армиясымен бірге немістерге өттім. Генералдың бұйрық берді, бітті! Басқа амалым болмады.

— Біздің адамдарға барайық! — деп салдым шыдай алмай.

— Қайдағы біздің адамдар?! — деп ашуланды ол. — Сен мыналарды біздікі дейтін болғансың ба?! Қанша халқымызды қырып тастағанын ұмытпаған шығарсың?!

— Жарайды, қазір саясатты қояйық! — деп бөліп жібердім. — Үйге қайтайық!

— Үйге жібермейді бізді! Мені бірден атып тастайды! Одан да қасындағы орысты өлтірейік, сен бізбен бірге жүр!

— Жоқ, Сәлім! Иван екеуміз барлауға бірге шықтық, бірге қайтамыз! Одан да сенің немісінді «тіл» ретінде алайық, өзің бізбен бірге жүр! Мүмкін кешіреп!

— Ал мен кешірім сұрағым келмейді! Керісінше, Совет өкіметіне менің тағатын айыбым көп! Және өзімді кінәлі сезінбеймін!

— Бірақ шындыққа қарсы тұра алмайсың! Қазақ халқы түгелімен Совет Одағымен бірге, қазір фашистік Германияға қарсы соғысып жүр!

— Өкінішті! Бұл менің жаныма батады! Не үшін сонда? Бізге бөтен империялар үшін бе? Ұлылық дертіне шалдығып, әлемді билеуге ұмтылған екі есірік үшін бе?

— Бұрын Маркс пен Энгельсті жек көруші едің, енді Гитлер мен Геббельсті т ұнатып қалдың ба? — деп кекеттім. Ұйқастыра салыстыруым Сәлімге де ұнаған секілді, жымыып қойды.

— Оларды да жек көремін! — деп ақталды Сәлім сыбырлап. — Бір нәрсені түсін: халқымыздың алдында немістердің еш кінәсі жоқ! Біздің адамдарды аштан қатырған, халқымыздың бетке ұстарларын қуғындап, қырып салған олар емес! Қазақтың сорпаға шығарларын түгел өлтіріп, халқымызды бассыз қалдырған — орыстардың өкіметі, сендер сол үшін соғысып жүрсіндер, жандарынды беруге дайынсыңдар! Ақымақтық қой бұл! Саяси соқырсыңдар, аңқаусыңдар, жазаланудан қорқып, қолдарыңа қару алып «Сталин үшін! Отан үшін!» — деп ұрандатып немістердің жауып тұрған оғына кеуделерінді тосасыңдар. Қандықол тиран үшін өміріңді қалай құрбан етесің? Халқымыздың тең жартысын аяусыздықпен жойып жіберген большевиктердің қанқұмар өкіметі қалай біздің отанымыз болады?! Басқа да көптеген халықтарды қырды! Айтшы, түсіндірші, осы соғыста, сенің соғысында қандай мағна бар? Не үшін, кім үшін өлгелі жүрсіндер?

— Біз Совет Одағын қорғау арқылы өз жерімізді, өз үйімізді қорғап жүрміз! Жарайды, бұл дауды қояйық! — дедім ерегісті тоқтатпақ болып. — Өзін туралы айтшы. Осы жылдар бойы қайда жүрдің?

Сәлім тынышталып, жан-жағына қарап қойып, өз өмірі туралы қысқаша айтып берді.

— Алашорда жеңілген соң қызылдардан қашып еліміздің оңтүстік аймағында жүрдім. Сосын совет өкіметінің қысымына қарсы көтеріліске шықтық. Бірақ орталықтан жақсы қаруланған, ақ гвардияшылармен соғыста әбден шыныққан жазалаушы отрядтар жіберілді. Теп-тегіс далада бірнеше рет шайқастық, ақыры ашық соғыста қаруы нашар, тәжірибесі жоқ көтерілісшілер тобының тас-талқаны шықты. Атты әскеріміз әсіресе тачанкадан көп қырылды — құйындай жүйткіп, шыр айналып, қорғасын оқты жаудырып берді. Талай боздақ шайқасқа кірмей жатып соның боратқан оғының құрбаны болды. Амал не, біржола жеңіліп тындық, әскеріміздің қалғаны дала кезіп шашырап кетті. Көңіл жұбатарымыз — дала мергендері көне мылтықтардан және садақтан атып бірнеше дұшпанды жықты, өз басым олжадан түскен бесатар — бес оқты винтовкадан атып, үш қызыләскер мен командирін өлтірдім! Сосын басқа жаққа кеттім, аты-жөнімді өзгертіп, адайлармен бірге түрікпеннің Қарақұмына жасырындым. Біздің қарсылығымыз із-түзсіз кеткен жоқ, көптеген сондай көтерілістен кейін жергілікті өкімет орындары бұрынғы тактикасын өзгертіп, қазақтармен тілге келіп, абайлап сөйлесетін болды.

— Ал мұнда қалай тап болдың?

— Сен секілді өз еркіммен! — деп кекетті Сәлім. — Түрікпендермен бірге. Бөтен есіммен.

— Үйлендің бе? Отбасын құрдың ба?

— Ия! Екі балам бар — ұл мен қыз, Қарақұмда өсіп жатыр.

Біз енді туып-өскен үйіміз, жақындарымыз туралы айта бастағанбыз, сол кезде оқ атылды. Жақын маңда атыс басталды.

Кұшақтасып қоштастық.

Сәлім қолын бұлғап, ағаштың тасасына кіріп көрінбей кетті. Мен де бұқпантайлап кері жүгірдім. Иван түнерінкі қарсы алды.

— Кім ол? — деп сұрады ақырын.

— Бұрынғы бір жолдас, жерлесім! — деп өтірік айттым. — Тағдырдың шырғалаңына тап болып, генерал Власовпен бірге немістерге өтіп кетіпті.

— Неге қоя бердің? Мұның сатқындық емес пе?!

— Жоқты айтпашы! — деп кесіп тастадым. — Кешегі досыма оқ ататындай айуан болып кетпеген шығармын!

— Қалай дос деп тұрсын оны?! Ол — сатқын, бітті! Атып тастау керек еді!

— Өзің неге атпадың? Қолыңда тұрды ғой!

— Атып тастағым келген! Бірақ, оның қасындағы фашист те сені нысанаға алып тұрғанын ұқтым! Сені өлімге қалай байлап бермекпін!

— Өзім де солай ойлағанмын! Сен де бәрін түсінетін шығарсың?

Қарулас жолдасыма сұраулы жүзбен қарадым. Бар шындықты ашып айтқым келген, бірақ айта алмадым. Уақыттың өзі үндемеуге үйреткен.

Иван ауыр тыныс алып, күнк ете қалды:

— Мейлі, құрып кетсінші!

Өз жағымызға бет алдық. Ойым алысты шарлап кеткен. Ойламаған жерден Сәліммен кездескеніме, одан да әрісі — оның кім болып шыққанына таң қалып келемін. Міне, соғыс адамдарды осылай жан-жаққа лақтырып, өзгертіп жібереді!

Мен оны кінәлаған жоқпын, бірақ түсіне алмадым. Тек аман болсын деп тіледім. Соғыстан кейін бауырларыммен туған ауылымызда кездесіп, жұлдызды түнде ошақтың басында отырып, асықпай әңгімелессек деп армандадым. Жүрегім қан жылап тұрып, ішімнен дұға оқыдым.

...Қаншама қиындықтар мен сынақтарға қрамастан біздің армия басым түсіп, дұшпанды жерімізден қуа бастадық. Маршал Жуков басшылық ететін Украина майданында соғысып жүрмін. Орыс қалаларынан өтіп, Украинаны азат еттік, Европаға кірдік.

Бірақ үнемі жолың бола бермейді екен.

Қырық төртінші жылдың күзінде, қараша айында фашистердің тылына өтіп, «тіл» әкелуге бардық. Бес адамбыз, басшымыз Иван. Түн жамылып майдан шебінен өттік те, оңтайлы жерден тосқауыл құрып, бекіністен аулақ шыққан аңқау солдаттарды аңдыдық. Неміс блиндаждарының жарығы көрініп тұр. Кенет аяқ дыбысы естілді — екі адам келе жатыр. Сақтана қалдық, сол кезде күтпеген оқиға болды. Қалың шөп танауын жыбырлатқан болуы керек, бір жолдасымыз түшкіріп салғаны. Еріксіз селк ете түстім. Немістер кілт бұрылып қаша жөнелді, аттандап барады: «Ахтунг! Руссо! Ахтунг!» Айғай-шу көтеріліп, ондаған ракета ұшырылды, атыс басталып кетті. Ракетаның жарығымен екі жолдасымызды атып өлтірді. Қалған үшеуіміз шегінуге мәжбүр болдық.

Кенет Иван «жатындар!» деп айғайлап, мені құшақтай құлады. Сол мезет жарылыстың күркірі естілді. Келесі сәтте есімді жиып, үсті-басымды сипап едім, жараланбаппын. Иван жау жақ қапталымда жатыр, ауыр тыныс алады. Жараланып қалғанын біліп, ақырын түртіп көрдім.

— Иван! Кеттік!

— Жок! Мені қалдырып, кете беріндер! Қош болындар, артық кеткен жерім болса кешіріндер! — деді Иван дауысы үздік-создық шығып.

— Болмайды! Бірге кетеміз! — деп батыл жауап қаттым.

— Кетіндер! Бұл — бұйрық! — деп ысылдады ол тісінің арасынан, қолында гранат. Командирдің соңғы бұйрығына бағынып, ақырын жылжи бастадық.



Көп ұзаған жоқпыз, жарылыс даусы естілді. Өлімші болып жараланған Иван немістер жақындай бергенде гранатты жарып жібергенін түсіндік. Қарулас жолдасымыз солай қаза тапты. Дұшпан лақтырған гранатты көріп қалып, мені құшақтай құлаған ол өзін құрбан етіп, мені аман алып қалды.

Бірақ, бәрібір құтыла алмадық. Немістің оғы қасымдағы жолдасымды өлтіріп тынды. Біткен жерім осы деп ойладым. Үлкен бір тастың тасасына тығылып, дұшпанның жақындауын күттім. Қорыққан жоқпын, тек туған өлкеден алыста өлетініме, туыстарымды, анамды, әйелімді, балаларымды соңғы рет көріп, қоштаса алмағанымға өкіндім. Бір мезет олар көз алдыма елестеп кеткенде, өмір сүргім, үйге қайтқым келді. Көз алдымда Халима пайда болып, соғысқа кетерде айтқан: «Аман қайтшы!» дегенін қайтадан естігендей болдым.

Соғысты, кісі өлімін, адамдардың бірін-бірі өлтіруін жек көремін, ғазиз жаным шырқырап, жер бетіндегі билікқұмарлардың бәріне, билік үшін адам қанын селдей ағызатын барлық басқыншыларға қарғыс айтып шынғырып жатты: «Бұл — әділетсіздік! Соғыста еш мағына жоқ, соғыста жеңімпаздар болмайды! О, адамдар, тоқтасандаршы!..» Бірақ менің жан дауысымды ешкім естіген жоқ, естімейді де! Жаным бұрынғыдан бетер күйзелді. Әлемдегі ең бауырмал, ең бейбіт халықтың перзенті Асанбай Бектеміров орыс солдаттарымен бірге, өзі үшін мүлдем бөтен Европа жерінде қаза тауып, осы жерде, бұтаның түбінде мәңгі қалады, онда ешкімнің шаруасы жоқ! Қалай және не үшін өлгенімді де ешкім білмейді. Әсіресе соған жыным келді, соңғы патроным қалғанша аянбай атыса бердім.

Ақырғы сәтте тілімді кәлимаға келтірдім: «Лә иләха илла алла!», енді тек қарулас жолдастарым, әсіресе Иван үшін кек алып, ана дүниеге жастығымды көбірек ала кету. Көшпенді бабаларымыз текке өлмей, жауларын көп өлтірген жауынгерлерді еске алғанда: «батыр екен, жастығын ала кетіпті!» — дейтіні бекер емес. Нешеуін атып өлтіргенімді білмеймін, біраз оғым дәл тиген сияқты. Көп ұзамай немістер жан-жағымнан қоршап: «Руссо, руссо! Беріл, беріл! Хенде хох!» — деп айғайлап қоя берді

Патроным таусылды, сүңгі мен гранат қалды, әрі қарай не боларын кім білген, кенет біреу желкеме автоматтың ұңғысын тіреп, таза орыс тілінде бұйырды:

— Таста қаруынды! Қолынды көтер! Айтқанды тында — өз еркінмен беріл!

Тәжірибелі неме екен, қимылдауға мұршамды келтірмей, қаруының ұңғысымен жерге жаныштап, қолға түсуге мәжбүр етті.

Әуелі өз құлағымға өзім сенбедім. Елес пе деп ойладым. Орысша да, қазақша да сөйлегенді естідім! Кейін түсіндім. Орыс азаттық армиясы мен Түркістан легионының солдаттары екен. Олар немістерге қызмет етеді, бірақ, шындығында мені ажалдан алып қалды.

Немістер дереу тергей бастады. Қарапайым сержант қандай әскери құпияны білуі мүмкін? Майдан шебі, әскерлердің орналасуы онсыз да белгілі. Фашистерге пайдасы тиетін жаңалықтан хабарым жоқ. Неміс офицері атып тастамақ болған, түркістаншы — қазақ мені легион қызметіне қосатынын айтып, тірі қалдыруын сұрады. Немістер қолдарын бір-ақ сілтеді. Оларға бәрібір — бір адамның бары не, жоғы не? Сөйтіп, соғыс тұтқындары лагеріне жөнелтті.

Тағдыр жолы осылай бұрылып кетті! Мені құтқарған — отанын сатқан опасыздар, совет өкіметінің жаулары. Енді қалай болады? Майдан даласында кездессек совет солдаттарының міндетін орындап, олардың көзін жоюға тиіспін. Ал өзін ажалдан алып қалған адамды өлтірген кісі кім болады? Та-

рихтың осы түйіншегін бірде-бір тінін үзіп алмай тарқатып берер адам бар ма өзі?

Легионердің есімі Мәжит екен, оның айтуынша, Түркістан легионын белгілі саяси қайраткер, алашордашы, сталиндік қуғын-сүргін кезінде Парижге эмиграцияға кеткен Мұстафа Шоқай құрыпты. Легионға соғыс тұтқыны ретінде қолға түскен қазақ, өзбек, қырғыз, түрікпен, татар, башқұрт, әзірбайжан, басқа да мұсылман және түркі халықтарының өкілдерін тартқан. Мұстафа Шоқайдың басты мақсаты Үшінші Рейхқа қызмет етіп, совет өкіметіне қарсы соғысу емес, қандас-діндес бауырларын фашистердің қапасында опат болудан құтқару болған деп сыбырлады ол. Өзі соғыстың бас кезінде жұмбақ жағдайда қаза тапқанымен, ол құрған Түркістан легионы шынымен көптеген бауырларымызды құтқарыпты. «Сен де сол кісінің арқасында тірі қалдың, ең бастысы осы!» — деп иығымнан қақты легионер. Мен оған ақырын ғана рахмет айттым.

Міне, бүгінде жыл сайын Жеңіс күні — тоғызыншы мамырда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтарға арнап Құран оқимын. Мұстафа Шоқайдың өлген күні жыл сайын Мәжит екеуіне дұға бағыштаймын.

Өмір осындай қат-қабат қарама-қайшылықтан тұрады! Өз басым аласапыран қанды оқиғалардың ортасында жүрсем де, адам қалпымнан айнымауға бекіндім.

Соғыс тұтқындары лагеріне жеткенше легионер Мәжит сыбырлай сөйлеп, тұтқынға түскен орыстар мен қазақтардың көпшілігі Орыс азаттық армиясы мен Түркістан легионы қатарында қызмет етуге қарсы екенін айтты. Бірақ тұтқындағы өмір өте ауыр, соның қиындығына шыдамай, біраз адам немістерге жұмыс істеуге келісім береді. Тәуір тамақ пен азды-көпті қолайлы тұрмыс үшін солардың қатарында мәңгі қалғандар да бар. Бірақ, көпшілігі алғы шепке барысымен алғашқы мүмкіндікті пайдаланып, ештеңеге қарамастан өз жағына өтіп кетеді. Кейде топтанып қашады немесе шайқаса отырып жылжиды. Сондықтан немістер Түркістан легионын совет майданынан алыс ұстауға тырысады. Қазір легионның негізгі бөлігі басқа жақта — Францияда жүр.

Мәжит маған талай нәрсе айтты, уақыт өте көбісін ұмытып қалыппын. Бірақ, ең бастысы есімде, ол мені қазақтың бәрі туысқан болғандықтан ғана төніп тұрған ажалдан алып қалғысы келіпті. Көзге түсе бермей, тұтқындағы өмірдің ауыртпалығына шыдап, бәріне көнуге кеңес берді. «Біраздан кейін Түркістан легионына өтсең тіпті жақсы болады!» — деп түйіндеді ол.

— Онда жалғыз болмайсың! Түркістандық бауырлар сені құшақ жайып қарсы алады. Вермахтың солдатты ретінде қызмет етіп, өмір сүресің, бәлкім одан сәл төмен болар, сонда да лагерьдегі тірліктен анағұрлым артық. Жалпы, советтердің — отаршылардың елінде нең бар?! Олар үшін соғысу ақымақтық емес пе!

— Өздерің қанша адамсыңдар? — деп ақырын сұрадым, құтқарушыма қарсы сөйлеуге дәтім бармаса да.

— Бірнеше жүз, егер барлық майдандарды қоса есептесек, мыңдап саналамыз! — деп жалғара жауап берді Мәжит.

— Ал біз қаншамыз? Миллиондап сана! Бүкіл қазақ халқы! Еркектер майданда қан төксе, әйелдер тылда еңбек етіп, ұлдары мен бауырлары соғыстан қайтып оралады деп күтіп жүр. Қаласаң да, қаламасаң да бұл соғыс қазақтар үшін де қасиетті отан соғысына айналып кетті! Бұл қасірет Одақтың барлық халықтарымен бірге бізге де ортақ! Кешір, сендерге қосыла алмаймын. Жолың басқа болса қайтесің енді, тағдырың шығар! Ал мен өз халқыммен

бірге боламын. Бауырым ретінде құтқарғаныңа рахмет, бірақ мынаны түсін: жігіт үшін ант бұзу – өліммен тең!

– Түсінуге тырысайын, Асанбай, – деді оқ пен отты, қысым мен қуғынды түгел бастан кешкен түркістаншы ақырын ғана. – Сен де түсін, біз қазақтардың бәріне жақсылық ойлаймыз! Әлі де ойлан. Тірі болсақ, көре жатармыз ар жағын.

Үндеген жоқпын. Ол да тықақтай бермей, жай ғана: уақыт көрсетеді деп қоя салды. Сәлім туралы сұрағым келіп, өз-өзімді әрең тежеп қалдым. Ініме кесірім тиіп кетер деп қорықтым. Қоштасқанда легионер Мәжит тағы да келемін деген. Бірақ сол күйі хабарсыз кетті. Не жағдайға ұшырағанын ешкім білмейді, ал соғыс болса өзінің қанды иіріміне адамдарды көбірек тарта түсе де, біртіндеп аяқталып келе жатты.

Немістердің тұтқынында алты айға жуық уақыт болыппын. Басында қатты қиналдым. Қазақтар үш күннен кейін көрге де үйренесің деп бекер айтпайды екен. Есімді жиып, басқалармен бірге мойындағы қамытты сүйретіп жүре бердім.

Советтік соғыс тұтқындарының жалпы саны қанша екенін ешкім білмейтін. Бірнеше мың болса керек. Совет Одағының әр түкпірінен шыққан адамдар. Тас қапастың жартылай жертөлесінде топтанып тұрып жаттық. Төбесі аласа, екі қабатты темір төсек, терезесі кішкентай, немістерге тән ұқыптылықпен мұқият торлап тастаған, соның бәрі жүйкене тиеді. Қай жердеміз, дүниенің қай түкпіріндеміз, ешкім білмейді. Бізді құл тәрізді ұстады. Жұмыс істеуге жарамды болуымыз үшін тамақ береді. Ертемен жұмысқа апарды. Көбінесе жер қазып, түсініксіз бекіністер тұрғыздық. Жер астындағы бункер, бекіністің ату нүктелері екен деген қауесет тарады. Өзімізше қорытынды жасадық: немістердің жағдайы нашар, шегініп барады. Көп ұзамай біздің әскер келеді, соған дейін тірі боламыз ба, өліп қаламыз ба? Көп адам жартылай аштықтан әлсіреп, ауыр еңбекке шыдамай өліп кетті. Адамның шамасы жетпестей ауыр жұмысты бірер ай істеген соң тұтқындар тірі өліктің кейпіне енеді. Жұмыс кезінде әлсіздіктен құлап, орнынан тұра алмаған бейшараларды күзетшілер тілге келместен атып тастайды. Табиғи төзімділігім мен ұзақ жындар бойы шыныққанымның бұл жолы да пайдасы тиді, барша қиындықтар мен азаптауға шыдап бақтым. Кейде күректің ауырлығы соншалық, көтеру мүмкін еместей көрінеді, кадам аттауға шама жоқ. Бірде әбден әлсіреп, сызды, суық қара жерге қисая құлап кеткенмін, айдауыл автоматын кезене бергенде, міне, ғажап, өз-өзімді күштеп, өзгергенде тұрып кеттім. Әлдебір киелі күш қолдап тұрғандай, бойыма күш құйылғанын сезініп, күрегімді қолға алып, жұмысты жалғастыра бердім. Айдауыл неміс тісін ақситып, басын шайқап, қаруын түсірді. Ішімнен Жаратқанға сыйынып, әулие аталарым Марал ишан мен Салық молданы еске алдым.

Тұтқында болу – ит қорлық, тек тірі қалғым келгендіктен ғана шыдадым. Қайткен күнде де аман қалып, үйге оралып, балаларды, анамды, әйелімді, туған өлкемді көруім керек! Бірақ, бәрі бірдей маған байланысты емес. Фашистер кез келге соғыс тұтқынын кез-келген сәтте атып тастауы мүмкін. Бірақ бұл сирек болатын, немістер бізді жұмыс күші ретінде пайдаланады, сондықтан сақтауға тырысады.

Көптеген совет солдаттары барлық қиындыққа шыдап, әскери антына адал болып қалды, дегенмен азапқа төзе алмай, алдағанға сеніп, қорқытқанға көніп, Орыс азаттық армиясының және Түркістан легионының қатарына қосылып кеткендер де болды.

Кейде ойлаймын, егер фашистер мені де Түркістан легионына қосылуға



мәжбүр етсе не болар еді? Советтің, орыстың солдаттына қарсы оқ ата аламын ба?! Мен патшаның жазалаушыларымен күрестім, ақтарға да, қызылдарға да қарсы шықтым, өйткені олар менің жеріме қару ұстап келді. Орыстың, патшаның, ақтың, қызылдың, советтің — қалай аталса да отаршылардың билігінің қай-қайсысын да жек көрдім. Бірақ, енді орыс солдаттына қарсы оқ ата алмас едім!

Бұл соғыста бәріміз бауырласып кеттік, қарулас жолдас болдық. Біз — қазақтар, орыстар, ұлан-байтақ елдің барлық халықтарының өкілдері, тұтас алғанда совет солдаттары, майдандас жолдас болатынбыз және біртұтас Отанымыз — СССР-ды қорғау үшін соғыстық! Совет Одағын, орыс өлкесін қорғау арқылы өз жерімізді, өз халқымызды қорғадық.

Бұл қасиетті соғыс болатын! Осы соғыста төгілген солдаттың қаны — киелі қан! От пен оқтың сынағынан өткен солдат достығы да қасиетті!

Жоқ, отаршыларды жек көріп, туған халқым — қазақтар үшін тарихи тұрғыдан өкпем қара қазандай болса да, фашистерге қарсы өліспей беріспес соғысқа бірге кірген орыс солдаттына қолымды көтермес едім. Сондықтан Түркістан легионына да, Орыс азаттық армиясына да кірмеймін деп шештім.

«Сатқын болғаннан да, басқа түскен сынаққа ақырына дейін шыдап баққаным артық! Қалғанын көре жатармыз!» — деп басу айттым өзіме.

## Америка және ауыл

Күн өткен сайын соғыс аяқталып келеді. Түнге қарай артиллерия дыбысы мен әуеден тасталған бомбалардың жарылысы естіле бастады. Кейде өзіміздің, советтің бомбалары талқанымызды шығармасын деп тілеп, төсекте дірілдеп жататынбыз.

Бір түні кескілескен шайқастың дыбысы естілді, дәл қасымызда жүріп жатқан сияқты. Шаршағанымызға қарамастан түнімен көз ілген жоқпыз, таң алдында ғана ұйықтап кетіппіз.

Ертесіне күндегідей жұмысқа шығындар деп ешкім желкелеген жоқ. Бізді ұмытып кеткен сияқты. Бір тәуліктен кейін ғана біреулердің жүргені естіліп, қақпа ашылды. Солдаттар кірді, бірақ біздікі емес.

Бұлар америкалықтар еді.

Соғыс тұтқындарын алыстағы жұмбақ Америкаға әкетпек болды. Тура солай деді: «Кеттік бізге, жігіттер, еркін өмір сүресіндер! Өз елдеріне қайтсандар, Сталин бәріңді атып тастауға бұйырады!»

Кейбіреулер СССР-ға қайтудың орнына солармен бірге Америкаға кетуге ұйғарды.

Шынында да бұл керемет қой! Алып кемеге мініп, әлемдік мұхитты шарлайсың. Кеме күні-түні жүзе береді, ашық палубада жатасың, жан-жағыңнан жылы жел есіп тұр, Оңтүстік жарты шардың түнгі аспанын тамашалап, жымындасқан жұлдыздарға көз жіберіп, бейбіт өмірдің тыныштығын рахаттана сезініп, қиялға берілесің.

Бірақ, мен бас тарттым!

Әлдене жібермей қалды!

Туған жерге деген сағыныш күштірек еді. Америкалық арманнан да, сталиндік лагерьдегі сұмдықтардан да күшті болады екен.

Жарайды, кемеге мініп Атлантиканы кесіп өтейін, әрі қарай не болмақ? Өмір бойы теңізде жүзіп, жұлдызды аспанға қарай бермейсің ғой. Бір күні жағаға шығасың, ол біздікі емес, бөтен елдің — Американың жағасы! Жоқ, тағдырымның қайығын туған жерге бұрайын!

Сол мезет Сәлімнің кекете сұраған дауысын естігендей болдым: «Туған жағалауың қайда өзі? Бізде туған жаға қалды ма? Қандықол тиран билеп отырған елді туған жерім демексің бе? Онда сені не күтіп тұрғанын білесің бе өзің?!»

Осы бір жұмбақ құбылысты неге дауыс деп атайтынымызды түсінбеймін, ол естілмейді — айғайлап та, сыбырлап та айтылмайды! Біз оны іштей сеземіз. Дыбыссыз дауыс — міне, тағы бір кереғарлық!

Осы кереғар дауыстар қашаннан бері соңымнан қалмай келе жатқаны есімде жоқ. Қанқұйлы жиырмасыншы жылдары басталды-ау, сірә. Кенеттен, көкейімнің терең түкпірінен жанымды ауыртып, жүрекке қадалатын, біресе айыптап, біресе қуаттайтын сұрақтар атойлап қоя береді. Кейде миымда, құлағымда шуылдасып, тыным бермейді. Осы дауыстар әрі азаптаушым, әрі ақыл-кеңес беретін оқытушым болып кетті.

Бірақ, мен шешімді өзгерткен жоқпын. Туған жерім, ауылым, туыстарым, ошағым өзіне тартып барады. Анамның, Халиманың, балаларымның дауысы жүрегімнің түбінен шығып жатқандай:

«Аман қайтшы! Ештеңеге қарамастан қайтып келші!»

Білмеймін, қазіргі жастар түсіне ме мені, әлде кінәлай ма: «Неткен ақымақ! Кемеге мініп Америкаға, арман еліне тегін баруға ұсыныс жасайды, мұхиттың көкпеңбек суына, жап-жасыл долларға шомыласың, еркін өмір сүріп, заңға ғана бағынасың, ал ол бас тартыпты! Не үшін? Лагерьдің батпағын кешіп, заңсыздықтан зардап шегіп, советтің қатыгез болмысында бұқпантайлап өмір сүру үшін бе? Әрі кеткенде қарапайым тұрмыс жағдайлары да жасалмаған дала совхозында итшілеп күн кешу үшін бе?»

Мүмкін, мұның да дұрыс жағы бар шығар. Бірақ олар туған жерге, жусан иісі аңқыған қасиетті даламызға деген терең сүйіспеншілікті түсінбейді. Оны түсіну үшін далада туып-өсу керек. Туған жерді сағынуымның күштілігі соншалық, азат та тәтті өмір мен америкалық арман да бөтен елге алып кете алмады.

Өзімнің қаһарман да зымиян, мейірімді де қатыгез, адал да қорқынышты еліме қайтып келіп, басқа түскеннің бәрін қайыспай көтеріп алуға бел будым.

Кешіре ме деген үміт те бар еді. Тұтқындардың арасында Сталин тұтқынға түспес бұрын фашистермен жан аямай соғысқан, Отан үшін қанын төккен солдаттарды түгел ақтау туралы бұйрық шығарыпты деген қауесет тарады. Олай болса маған — үш жылдан астам уақыт алдыңғы шепте соғысып, екі рет ауыр, бір рет жеңіл жараланған, әскери марапаттары бар адамға мүлдем қорқудың керегі жоқ. Бұл туралы генералдар айтыпты, радиодан хабар таратыпты, газеттерге жазыпты десетін. Көптеген адам еліміздің әскери-саяси билігінің уәдесіне сеніп, үйлеріне қайтты.

Арада ұзақ жылдар өткеннен кейін ондай қаулы расында болғанын, бірақ бәріне бірдей қолданыла бермегенін бір жерден оқыдым. Көп адамды шынымен кешіріпті, ал кейбіреулерін қамауға алған.

Менің тағдырым ауыр болып шықты.

## Лагерь

Отан бізді, неміс тұтқынында болған өз жауынгерлерін салқын қарсы алды. Тергеп, тексеріп, әркімді әр жаққа жөнелтті. Біреулер үйіне, басқалар қызметке, үшіншілері лагерьге кетті. Маған он жыл кесті, мерзімді Сібірде өтейтін болдым! Алдыңғы шепте үш рет жараланып, Қызыл Жұлдыз

орденімен және жеке басының ерлігі үшін солдатқа берілетін ең жоғары награда — «Ерлігі үшін» медалімен марапатталғаным ату жазасынан құтқарып қалған сияқты, бірақ орден-медалімді сыпырып алды.

Таққан кінәлары ақылға сыймайды. «Неге тұтқынға түстің? Нағыз совет солдаты сияқты неге ерлікпен қаза таппадың?»— дейді. Қатал соттың бетіне «тирандар үшін өлгім келмейді, тіпті соғысқанымға рахмет айтындар», — деп былш еткізгім келді, бірақ амал жоқ!

Нақты қалай болғанын айтып бердім.

Сотсымақтың үкімі тез шықты. Алдыңғы шепте үш жыл соғысқаным алты ай тұтқында болғанымның қасында түкке тұрмай қалды. Тұтқынға әдейі түстің, түркістаншылардың дұшпандық үгітіне еріп, немістерге жұмыс істедің деп айыптады. Ақталу үшін айтқан сөздерімді құлақтарына қыстырған да жоқ.

Өзім тәрізді бейбақтармен бірге арнайы вагонға мінгізіп, жер түбіне айдады да жіберді. Сосын жүк машинасына тиеді. Қайда бара жатқанымызды ешкім білмейді. Таусылып бітпестей көрінген ұзақ жолдан кейін ақыры Сусуман деп аталатын жерге жеттік. Қазақтың «су», «сусу» деген сөздеріне ұқсас болғандықтан ба, бірден жаттап алдым.

Кейін білдім, Колыма өзенінің бір саласы, лагерьдің қасымен ағып жатқан Сусуманды жергілікті эвендер Кухуман деп атайды екен — борасын, сырма дегенді білдіреді. Тіпті келіп тұр, су ағады, сырма да сусып сырғиды!

Талайды көрген тұтқындар — зектер бұл лагерь Магадан облысында, қиыр шығыста, Магаданның өзінен де әрірек орналасқан дейді. Сөйтсек, Оймяконның қасында екен. Оймяконды бәрі біледі — Жер шарындағы ең суық мекен. Оймякон деген де қазақтың Ой мекен — ойдағы мекен деген сөзін еске салады.

Сусуманның суығы сүйегінді мұздатады, қысқы аяз алпыс градусқа дейін жетеді. Тұтқындардың айтуынша, жер бетіндегі ең суық өлке осы. Адамдар үсікке шалдығып, ауырып, арып-ашып өліп жатады. Өлген тұтқындарды тым-тырыс жерлей салады, қабірінің басына нөмірленген тақта іледі — бітті! Соны көргенде өлгің де келмейді екен! Кейін ешкім таппай қалады, басына келіп ешкім дұға оқымайды! Хабар-ошарсыз құрып кетесің. Зектердің айтуынша, атышулы Ажал алқабы да осы манда, оны атаса болды, бәрінің үні өше қалады. Өлім қаупі әркімге төніп тұр. Біреудің алдында кінәлі болған адам кез-келген сәтте жоғалып кетуі мүмкін. Адамдар аяздан ғана емес, ызғарлы жауыздардың қолынан да ажал құшады. Бағынғысы келмей, қиқаңдағандарды қызыл погондылардың өздері-ақ ыңғайы келгенде «қашуға әрекет еткені үшін» атып тастайды екен деген күбір-сыбыр да үрейінді ұшыра түседі.

Айтатын несі бар, адам үшін адамның қолымен жасалған адам төзгісіз жағдайда тірі қалуға тырысып бақтық.

Осы сұмдықтарға қарамастан, алғы шеппен салыстырғанда лагерьдің артықшылықтары да баршылық. Біріншіден, күні-түні зеңбірек пен пулеметтен атып жатқан жоқ, ұшақтар тас төбеңнен бомба тастамайды. Екіншіден, қанша қатал болғанымен белгілі бір тәртіп, заң бар. Соғыспен салыстырғанда аман қалуға мүмкіндік көбірек деуге болады.

Басында торығып едім, біртіндеп мұндағы жағдайға да бейімделе бастадым. Мұның бәрін тағдырдың жазуы деп санап, сабырмен төзе бердім.

Лагерьде күнің өтіп болмайды. Айлар мен жылдар бір-біріне тым ұқсас болғандықтан сұрқай күндердің сұрғылт тізбегі ешқашан таусылмайтындай көрінеді. Ал осы уақыт өтіп кеткен соң, айналып көз жіберсең, соның бәрі



есте қалар ештеңесі жоқ сұрғылт түсті қып-қысқа бір мезет сияқты. Ұсақ кикілжіндер мен зектердің өзара қақтығысын, бастықтардың жекіруі мен бір қалыпты жұмысты қоспағанда ешқандай оқиға болмағандай көрінген алғашқы бес жыл зыр етіп өте шықты. Сусуманда алтын өндіреді, естуімше, мұндағы кеніштер жер бетіндегі ең бай кен орындары болып саналады. Жолым болып, орманда ағаш кесушілердің қатарына қосты. Қақаған аязда тас уатқаннан гөрі ағаш кескен әлдеқайда жеңіл әрі үйреншіктілеу жұмыс. Тастан салынған, ағаштан тұрғызылған ұзын да аласа барактарда тұрдық, тұтқындардың өздері жасаған темір шарбақпен қоршалған. Бізді аяғаннан емес, қажетті жұмыс күші ретінде беретін тамағы тойымды. Ауыр жұмыстан шаршап келгенде түрменің ыстық быламығы да дәмді көрінеді.

Түрлі ұлттардың өкілдерінен тұратын саяси және әскери тұтқындар мен кәдімгі қылмыскерлердің қызғылықты әңгімелері, қызулы таластары сұрқай өмірімізге азды-көпті жан бітіреді. Көңілімізді көтеріп, ызамызды келтіріп, қанымызды қайнатып, ойымызға түрткі салатын да сол әңгімелер. Саясат пен саясатшылар туралы талай хикмет естідім, ұзақ ойлана келе саясат деген — аса күрделі, қатпар-қатпар нәрсе екен деп түйдім. Саясатшы бірдеңені ойлайды, басқаны айтады, үшіншіні істейді, төртіншіні күтеді, бесіншіні көздейді, алтыншыға қол жеткізеді.

Әрбір саяси қадамның артында жатқан құпия тарамдар қалыпты адамның ақылына сыймайды. Сондықтан саяси тақырыптағы әңгімелерге ешқашан араласпай, тыңдаумен шектеліп, ойға түйе беруді ұйғардым. Қазақта «үнде-меген үйдей бәледен құтылады» деген мақал бар.

Достасып кеткен адамдармен әртүрлі тақырыпта әңгіме айтамыз. Қысқасы, сұрқай күндер өте берді, тағдырдың салғанына көніп, жүріп жаттық.

Бетегеден биік, жусаннан аласа болуға тырыстым, ешкіммен дауласқан емеспін, қызыл погондылардың бұйрығын қалт еткізбей орындаймын. Өмірдегі бірден-бір басты мақсатым маған күш беріп, төзімді шындай түсті — үйге тірі қайтуым керек! Аяулы Халиманың: «Аман қайт! Ештеңеге қарамастан қайтып орал! Біз сені күтеміз!» — деген сөзі әлсін-әлсін құлағыма келеді.

Бірақ, адамдар әртүрлі болады, осындай қиын жағдайда жүрсе де бастары піспейді. Бірде қылмыскерлердің арасында жанадан пайда болған бетке ұстары, апайтөс дәу жігіт әкіреңдеп, су әкеліп бер деп бұйырды. Бағынсам беделім түседі, бірден бас тарттым. Сөзіне сөз қайтарып тастадым, ол ала көзімен атып, кетіп қалды. Кек сақтап кеткенін, өш алуға бекінгенін түсіндім. Ол басқа баракта тұрады. Майданда белшеден қан кешкеннен кейін ешкіммен жауласқым келмейтін, біраз соғыстық, сол да жетер! Бірақ, бәрі бірдей маған байланысты емес екен. Талайыма тағы бір қиындық түскелі тұрғанын білдім.

Елуінші жылдың көктемінде бізге жана бақылаушы келді. Жұрттың бәрі оны фамилиясымен Тараско деп атайды. Әуезді, бірден есте қалады. Атын ешкім айтпайды. Хохол немесе капитан Тараско десе болды, бәрі түсінеді. Жұмбақ адам болатын. Шын мәнісінде кім екенін ешкім білмейді. Біреулер соғыс қаһарманы десе, басқалар ішкі әскерде қызмет еткен дейді, үшіншілер оны ерекше қызметтің көнігі маманы деп соғады.

Тараско соғыс мүгедегі, оң аяғын ақсап басады, сол қолы иығынан жок. Естуімізше, неміс танкінің зеңбірегінен атылған доп дәл қасына түсіп жарылып, әуеге бір-ақ көтеріпті де, бронь сауытты машинаның алдына тастап жіберіпті. «Тигр» сол қолын жаншып өткен. Капитан есінен танып

бара жатып, сауытты құбыжықтың артынан гранат лақтырып, өртеп жіберіпті. Госпитальдан кейін зейнеткерлікке шығармақ болған екен, қызметтен кеткісі келмей, ақыры осында жіберген. Қатал, сұсты, бірақ әділ бастық болатын. Ұзын бойлы, жауырыны қақпақтай, нағыз украин батыры енді зектерді күзетумен айналысады. Кейде бұл жер оған тарлық етіп жүргенін сезетінмін.

Орманда ағаш кесіп жүргенде күн сайын бізді бақылап жүреді. Бір күні өмірімнің астын үстіне шығарған бір оқиға болды.

Күндегідей ағаш кесіп жүргенбіз. Екі тұтқын жұмыс уақыты аяқталып қалғанына қуанып, қимылды еселей түсті, араның ызыңы қаттырақ естіледі. Биік қарағай жантайып құлай бастады. Мен зәулім ағаштың ұшар басына, одан әрі аспанда қалқыған бұлттарға ойлана қарап тұрғанмын. Біртіндеп жылдамдығы арта түскен ағаш ештеңеден қаперсіз, бейқам тұрған Тарасконың үстіне құлап бара жатқанын ішкі түйсікпен сезіп қалдым. Ол теріс қарап тұрған, ештеңе көрген жоқ. Одан арғы оқиға бейне бір түсімде болған секілді. Біреу жүлқып қалғандай тұра ұмтылып, секіріп барып қос қолдап бір қапталға итеріп жібердім. Екеуіміз бірге жығылдық, орманның қалың шөбін жапырып домалап барамыз, сол мезет бұтақтары тарбиған ұзын да жуан қарағай гүрс етіп құлады. Сынған бұтақтардың шартылы мен бұрқ ете қалған шаң бомба жарылғандай әсер етіп, соғыстан шындалып шыққан екі жауынгер есімізден танып қала жаздадық. Бұтақтың жұп-жұмсақ, жіңішке өскіндері мен жасыл инелері үстімізді басып қалды. Бір мезет қозғалмастан қата қалыппыз, соғыстағы әдетпен келесі жарылысты күтіп жатырмыз. Содан кейін ғана қайда екеніміз есімізге түсіп, мәңгі жасыл ағаштың суық құшағынан босап шықтық. Тұтқындар анадай жерде көздері бақырайып қарап тұр. Қақталған, әжім басқан жүздерінде абыржу мен ызғар арбасады! Жон арқам шым ете қалды. Күзетшілер шайқасқа дайындала бастады, біреулері капитанның қасына жүгіріп барды.

Тараско оларды ымдап тоқтатып, әдеттегіден қаттырақ ақсандай басып қасыма жақындады.

— Рахмет! Жақсы жігіт екенсің!

Иығымнан қағып, қолымды қысты. Көзіне тура қарадым. Аялы көк көзі ризашылығын үнсіз білдіріп, шуақ шашып тұр. Өзім де толқып кеттім, соны жасыру үшін жолдастарыма қарай аяңдадым. Олар мені үнсіз қарсы алды. Түнеріп, жұмыстарын жалғастырды. Баяғы дәу жігіт ара-тұра көзімен атып қояды.

Түнде көпке дейін ұйықтай алмадым, болған жәйтті қайта-қайта көз алдымнан өткіземін. Өзімнің сол қылығыма ақылға қонарлықтай түсіндірме таба алмай қойдым. Бұл не сонда?

Өзін-өзі сақтау түйсігінің ережелері бойынша, құлап келе жатқан ағашқа қарай жүгірмеу керек. Мен — зекпін, совет өкіметі әділетсіз соттап жіберді. Осы елдің солдатты болғанмын, оны қорғап жан аямай соғыстым. Елімізді басқарып отырғандар мені лагерге айдады. Демек, сол өкіметтің офицерін төніп келген ажалдан құтқармауым керек еді, өйтпеге хақым жоқ. Осындай жанқиярлыққа баруға не түрткі болды? Адами жанашырлық па? Бастан кешкен азаптардан кейін бұл сезім өліп қалған жоқ па еді?

Әлде қарапайым солдаттардың бірін-бірі құтқаруы ма?

Өзім де өліп кетуім немесе өмір бойы мүгедек болып қалуым мүмкін еді. Ал менің өлгім келмейді. Әсіресе қазір, бораған оқ пен фашистердің снарядтарының жарылуы артта қалғанда. Бүкіләлемдік қырғыннан аман шыққан солдаттың оқ атылмайтын тыныш кезде өлгені жараспайды-ақ!

Түн жарымына дейін сабан төсекте дөңбекшіп, осы сұрақтың төңірегінде көп ойландым, бәрібір жауабын таба алмадым. Талықсып жатып ұйықтап кетіпмін.

Танертең ғана түсіндім, офицерді пейілімнің ақтығы құтқарған екен. Ондай жанқиярлыққа баруға сол сезім – адамдық мейірім түрткі болыпты. Ештеңе ойлап үлгермедім, ешқандай ішкі есебім де жоқ, тек жан-дүнием дүр сілкінді – адамға қатер төніп тұр, көмектесу керек!

Бірақ, жұрттың бәрі олай ойламапты, кейбіреулер бұл қылығымды жақтырмай тіпті қалыпты. Ертесіне жұмыс кезінде кіші дәрет алуға оңаша шыққанмын. Қайтарда әлгі дәу тосып алды. Сыртымнан аңдып жүріпті, жолымды бөгеп тұр.

– Бастықты не үшін құтқардың? – деп сұрады қарлығыңқы дауыспен.

– Мен адамды құтқардым! – деп жауап қаттым татулыққа шақырып. – Ол да мен секілді солдат. Соғыстан аман шықты, үйіне тірі қайтуы керек! Ағаштың астында қалып өлуге болмайды оған!

– Жок! Сен біздің жауымызды құтқардың! Демек, сен де жаусың! – Көз жанары өшпенділікке толып тұр, денем тітіркеніп кетті. – Тағдырдың өзі қызыл погондыны жазаламақ болып еді, сен келіп қыстырылдың, сүмелек! Жағынбақ болдың ғой?! Мен сені көптен бері аңдып жүрмін, сүмелек екенінді баяғыда сезгенмін. Дәрет шелекке отырғызғым келіп еді. Қу екенсің, соны сезіп, құтылудың жолын тапқың келген екен. Капитан Тарасконың қолтығына тығылып, тыныш өмір сүрмексің ғой?! Жок, құтыла алмайсың бізден! Сондықтан, екінің бірі! Не былай – не былай! Өз қолыңмен өлтіресің оны, сонда есебіміз түгел. Немесе пышаққа өзінді ілеміз! Қатенді түзеуге бір тәулік уақыт беремін! Міне, уақыттың есебі кетті! Иттің баласы, сен есепшотта тұрсын!

Қалай байқатпай келсе, солай жоқ болып кетті. Ештеңені түсіндіріп үлгермедім, жай бопсалағаны болар деп үміттендім. Келесі жолы мұқият тыңдап алуын өтініп, бәрін адамша түсіндірермін деп ойладым.

Қайдан! Ертесіне жұмыс аяғында бір жас зек келіп, оңашаға шақырды. Әңгіме бар дейді. Сақтана қалдым, бірақ қашып құтыла алмайсың. Керегі болар деп жерден бір жуан бұтақты алып, өтірік ақсандап, соған сүйеніп жүре бердім. Жігіт мән берген жоқ. Жүз қадамдай жүрген соң бұрылып кетті. Не болғанын бағамдап үлгерген жоқпын, ағаштың тасасынан ескі танысым шыға келді.

Тілге келместен қонышынан пышағын суырып алып, тарпа бас салды. Іштей осындай пасықтық жасайды-ау деп күтіп жүргем, сасқаным жоқ, айқаса кеттім. Алғашқы шабуылынан сәтті жалтарып, таяғымды оңтайлап ұстадым. Әлгі дәу өз-өзіне сенімді, пышағын сермелеп жүр. Өзі де бұқадай күшті, аюдай ашулы екен. Сонда да ебін тауып, бар күшіммен басынан таяқпен салып жібердім. Теңселіп барып құлап түсті, табан астында жан тапсырды.

Өлгеніне көзім жеткен соң, қалшыып тұрып қалдым. Кенет әлсіреп кеттім. Дегенмен өз-өзімді қайрап, жігіт басып, аулақ кетуге тырыстым. Сыр берместен күндегідей жұмысымды істей бердім.

Бір күннен кейін орманда жұмыс істеп жүргенімде Тараско басқаларға білдірмей оңаша шақырып алды. Жүз жасаған жуан қарағайдың діңіне сүйеніп отыра кеттік, қоп-қою мәңгі жасыл ине жапырақтардың көлеңкесінде темекі тұтаттық. Хохол жөткірініп қойып, жан-жағына қарап алды да ақырын күңк етті:

– Шал, бұл жерден қашу керек саған!

Ондайды күтпеп едім, тіл қатпастан бақырайып қарап қалыппын.



– Неғұрлым тезірек кеткенің жақсы. Әйтпесе өлтіреді сені! Мұндайды кешірмейді олар! Мен оқыс оқиға деп құжат жасадым. Бірақ зектерді алдай алмайсың! Жақында басқа жаққа ауысамын, қорғай алмаймын сені!

Білмегенсуден немесе қарсылық білдіруден пайда жоқ. Бәрін біліп, түсініп тұр. Ең бастысы, шын ниетімен көмектеспек.

– Қашып қайда барамын?

– Басың ауған жаққа! Әйтеуір бұл жерден аулақ кет! – Осыны айтқанда дауысы дірілдеп шықты.. – Қиын болады! Қауіпті, өте қауіпті! Дегенмен тірі қалуға мүмкіндік бар! Қолымнан келгенше көмектесемін! Аңыз ойлап табамыз... Тексере қалса лагерьдің мұрағатына сілте, маған жүгін. Бірдеңе ойлап табармыз! Ал дайындал, керекті заттарды әзірлеп қоямын, жолың болсын! Үнемі оңтүстік-шығысқа қарай жүр! Жұлдыздарға карап бағдар түзе – олар алдамайды!

– Білемін! Көшпендімін ғой! – деген сөз аузымнан шығып кетті.

– Олай болса, көш тез, әуелі бәрін ойластырып ал. Бірақ, тайга – дала емес! Мұнда бәрі басқаша!

Артың әңгіме айтқан жоқ, мұнысы – жақсылықтың қарымтасын қайтарғаны, оны түсіндім. Қамқорлығына риза болып, қолын қыстым да көзіне қарадым. Мұңға толып тұр. «О, адам баласы! Бұл дүниеде не керек саған?!» – деп ойладым терең күрсініп.

## Сынақ

Мың тоғыз жүз елуінші жылы маусым айында, айдауда жүргеніме бес жылдай уақыт өткенде украиндық батыр Тарасконың көмегімен лагерьден қашып шықтым.

Тарасконың ойлап тапқаны ақылға сыймастай. Екеуіміздің арамыздағы әңгімеден кейін екі күн өткен соң мені және тағы бірнеше зекті Хандығаға алып кетті. Шаруашылыққа керекті заттар, мәселен, бензин әкелу үшін күзетшілер Сусуманнан зектерді алып шығып, Хандығаға апаратын. Алғаш рет мені де ертіп бармақ. Тараско құлағыма сыбырлап, туған жеріме шамамен мың шақырымдай жақындай түсетінімді айтты. Тура жүрсем тағы бес мың шақырым, бұрылыстарын қосқанда жеті мың шақырымдай жүруім керек! Алдан өзенінің жағасында орналасқан Хандыға қалашығы Солтүстік өңірдегі алғашқы алтын өндіру орталықтарының бірі болып саналады. Хандыға деген атау қазақтың Қан доға деген сөзін есіме түсірді.

Америкадан әкелінген бірнеше «Студебеккерге» міндік. Соғыс кезінде одақтасуымыз америкалықтар жіберген жол талғамайтын ауыр да қуатты көліктер енді Сібір кеніштерінде қолданылады. Жол нашар, машинаның қорабында селкілдеп келе жаттық.

Соңғы машинаның қорабында бір өзім, Тараско кабинада отыр. Қанша жүргенімізді білмеймін, жол ауыр әрі таусылып бітпестей көрінді. Ақыры таң алдында көлігіміз тоқтады.

Тараско мені әрірек ертіп апарды.

– Хандығаның қасында тұрмыз, – деді ол сыбырлай сөйлеп. – Алдан өзені ана тұста. Сенің аңызың – тоқтадық, дәретке шықтым. Былай барып шаруамды бітірген соң қайтып келсем машина жүріп кетіпті. Мені ұмыт қалдырған! Қайтып оралмақ болып едім, адасып кеттім. Түнде жолдан жаңылысып, тайғаның ішінен бір-ақ шықтым!.. Қағаздарыңды өзім реттеймін, оған алаңдама! Қош бол!

Іші толы зат қапшықты бұтаның түбіне тастай салып, үндеместен қолымен орданды нұсқады да машинаға беттеді. Сілейіп тұрып қалыппын. Тараско

кабинаға мінді, машина қозғалып кетті. Қапшықта консервіленген тамақ, сірінке, нан, үлкен пышак, жолаушыға қажетті басқа да заттар бар екен.

Сөйтіп, соғыс қаһарманы, зектердің құбыжық-қорқынышы капитан Тараско мені тайга арқылы үйіңе бар деп шығарып салды. Жол алыс, не күтіп тұрғаны белгісіз, қауіп-қатерге толы. Екеуміз де тәуекелге бел буған сияқтымыз. Тарасконың не ойлағаны бар, осының бәрін қалай ұйымдастырды, қалай ақталады — ол жағы өзіне ғана мәлім. Сенімді бірдеңе ойлап тапқан шығар, әлде өйтіп-бүйтіп құтылармын деп шешті ме екен! Ішімнен оған бақыт тілеп, орманға қарай аяндадым.

Әуелі бостандыққа шыққанымша шаттанып, аяғым жерге тимей ұшып келе жатым. Көп ұзамай нақты болмысқа қайтып оралдым. Айналам ну орман. Ағаштардың күмбездене тұтасып кеткен ұшар бастарының арасынан әредік аспан сығалағандай болады. Көңіліме мазасыздық кіре бастады. Соғыс өртінен шыққан адам ештеңеден қорықпауға тиіс қой. Олай емес, бейтаныс тайга қорқытады екен, жалғыздық жаныңды жаншиды. Бірақ ешқайда кете алмайсың, сәл тынығып, есімді жинайын деп, қарағайдың діңіне сүйеніп тұрып қалдым.

Кенет ағаштың арасынан әскери киінген екі адам шыға келді. Тура маған қарай келе жатыр. Біткен жерім осы! Амал жоқ, көзімді тарс жұмып, ағаштың діңіне жабыса қалдым. Сол мезет қарағайға біржола сіңіп, ағашқа айналып кетсем, адамдардан аулақта, орманда тып-тыныш өмір сүрсем деп тіледім! Қазір ұстап әкетеді деп ойлап тұрмын!

Бірақ олар қасымнан өте шықты!

Маған қарай келе жатқан, дәл қасымнан өтіп кетті, көрмек түгіл байқаған да жоқ. Өлі мен тірінің арасында қалшыып тұрмын, көрінбес перденің артында қалғанымды еміс-еміс сезгендеймін. Әскери киімділер көрінбей кеткен соң әлдене үп етіп ұшып кеткендей болды, ауаның болымсыз қозғалысын аңғардым. Жаным жай тауып, әрі қарай адымдай жөнелдім. Осы бір жұмбақ құбылыс туралы өмір бойы ойланумен келемін, Аллаға шүкірлік айтып, әулие аталарым Марал ишан мен Салық молдаға құран бағыштап қоямын.

Ұзақ жүріп әбден шаршадым, демалайын деп шештім. Тамақ жеп, махорканы бұрқыратып алғасын, қалғып кетіппін.

— Әп, бәлем! Түстің бе қолға! — деген қырылдаған ызбарлы дауыс естілді.

Тұла бойым суып сала берді. Қызыл погондылар қуып жеткені ме!

Ағаштың арасынан екі адам шықты. Ірі денелі ер адам мен толықша келген жас жігіт.

— Қорықпа! Өзіміз!

Сонда ғана «үһ» дедім.

— Пахан! — деп таныстырды өзін үлкені. — Ал, мынау — Баклан!

Кәдімгі қылмыскерлер екен. Басқа лагерьден қашып шығыпты, мені көріп, артымнан аңдып жүріпті. Жалғыз екеніме көздері жеткен соң бірге жүрейік деп ұйғарыпты. Серік табылғанына қуандым, бір жағынан, қауіптеніп тұрмын.

Үшеуміз әрі қарай кеттік, жолшыбай кеңірек танысып, әңгімелесіп келеміз. Пахан тайғаны біледі екен, одан жол тауып шыға алады. Бірақ жағдайымыз қиын. Төңірек түгел орман. Басында ұнап еді, табиғаттың сұлулығына сүйсінгенмін. Бір-екі күннен кейін бір көріністің өзгермеуі жалықтырып жіберді, тезірек ашық кеңістікке, далаға шықсақ деп тілейтін болдым. Бірақ тайга жібергісі келмейді. Ұзақ жүрдік, талай күндер, бәлкім талай апта артта қалды. Азығымыз таусылып, әлсірей бастадық. Кейде қоректік нәрі мардымсыз болса да жеуге жарамды өсімдік, жеміс-жидек табылады. Күн санап қарнымыз аша берді, аштық мендей бастады. Отыз екінші жылды,

ұшы-қиырсыз далада аштан өлген марқұмдарды еске алдым, өлер алдындағы қиналысын көзіме елестеттім. Басым айналып, аузым құрғап кетті. Санамда бір ғана ой қалыпты, сол ойды білдіретін бес-алты сөз үнемі қайталанып тұрады: «Өмір сүру керек! Қайткенде де аман қалуға тиіспін!»

Қанша жүргеніміз, қайда бара жатқанымыз есімде жоқ. Дінкеміз құрып, ағаштың түбіне қисая кеттік. Баклан кейіндеп қалған, Пахан екеуміз қатар жатқанбыз.

Пахан кисетін шығарды. Шылымды тіл қатпастан ұзақ шектік, махорка жұқарған жүйкемізді тыныштандырған секілді, көк түтінге оранып, қатал шындықтан жасырынбақ боламыз.

— Білесің бе, Асанбай, — деді Пахан даусы қырылдап, кесімді үнмен. — Бұл жерден бәріміз бірдей шыға алмаймыз!

Сөзін аяқтап, сынай қарады. Еріксіз дір ете қалдым. Өнменімнен өткен көз жанарында шешімталдық пен қатыгездік жатыр.

— Аштықтан бұралған үш адамнан қарны тоқ екі адам артық! — деп тұжырдды Пахан, әлсіреген Бакланды көз қиығымен бір атып. Еңгезердей неме осы сәтте жыртқыш аңға ұқсап кетті. — Бір адам қалғандарын құтқарып қалады. Егер соны өз еркімен істегісі келмесе, өзіміз көмектесеміз!

— Не нәрсеге көмектесеміз? Қалай? — деп сұрадым не айтып тұрғанын түсіне бастасам да, сыр бермей.

— Өз еркін оятуға көмектесеміз! Басқа амал жоқ! Менімен біргесін бе?

Еріксіз басымды изедім.

Атпал жігіт шылымының қалдығына бір түкіріп, өкшесімен езіп тастады. Мен де соны қайталадым.

Паханның домаланған Бакланды не үшін ертіп шыққаны сонда ғана түсінікті болды! Оған тек әрі-бері жұмсайтын көмекші ғана емес, өз аяғымен жүретін тамақ, қазыққа байлаулы құрбандық керек болған!

Бойымды үрей билеп, тұрып қалыппын. Пахан Бакланға қарай бара жатқан, аңғармай қалды. Сөлбірейіп сонынан ердім.

Аштық пен шаршағаннан әлсіреген Баклан көкпенбек көзін аспанға қадап, шалқасынан жатыр.

Пахан қабылан тәрізді дыбысын білдірмей жақындап, мойнына тұзақты салып жіберді. Ондайды күтпеген Баклан сасқалақтап, жұлқынып жатыр. Бар күшін жинап, бұлқынып, тізерлеп отырды, тұзақты сыпырмақ болады, бірақ кәнігі қылмыскер Пахан тұзақты босатпай, бейшараны қылығындыра берді.

Қастарына барғанымда Баклан әл-дәрмені таусылып, бір жағына қисая құлап бара жатты. Пахан қонышынан өткір пышағын суырып, кеңірдектен қадауға оқтала берді. Баклан жан ұшырып, шап беріп қолынан ұстай алды. Бірақ ол әлсіздеу болатын, Паханның күші басым. Не істерімді білмей мелшиіп тұра бердім.

— Неғып тұрсың? — деп қырылдады Пахан ызбарланып. — Қабанды союға көмектес!

Ауыр дем алады. Аштықтан оның да әлсірегені көрініп тұр. Не істерімді әлі білмей тұрмын. Аштан өлсем де адам соя алмас едім. Екінші жағынан, басқа амал жоқ. Абыржыған қалпымда қастарына барып, Бакланның қолын қайырмақ болғам, көзіміз ұшырасып қалды. Жиырма жасар жігіттің жанарында қорқыныш пен үміт тұнып тұр. Жоқ, өлтіре алмаймын! Жанұшырып Паханның қолын ұстай алдым, жігіттің тамағынан аулақ әкетуге тырысып, бар күшіммен қайырып жатырмын. Кәнігі қанішер ышқынып қалды, пышағы түсіп кетті.

Қыл тұзақтан босанған Баклан қаша жөнелді. Пахан соңынан кумак



болған, мен ұстап қалдым. Баклан көзді ашып-жұмғанша бұтаның арасына кіріп, көзден ғайып болды.

Пахан құтырына боқтанып, пышағын көтеріп алды да өзіме тап берді. Мен де пышақ суырдым.

Екеуміз шайқасып кеттік.

Ұзақ жолдан әрі аштықтан сілесі қатқан, жыртқыштың халіне жеткен екеуміз аман қалу үшін бір-бірімізді өлтіруге тырысып жатырмыз. Адам баласы не деген құпия жаратылыс! Мысалы, қазір жаппай қырылу қатері төніп тұр, соған қарамастан бір-біріміздің мойнымызды бұрап тастауға дайынбыз. Ал бірақ, қарсы алдында көзіне қан толған, пышағын жалақтатып, сені өлтіріп, етінді асып жемек болған қарақшы тұрса қайтер едің?!

Өзің өлмеу үшін оны өлтіруің керек. Ол сенің етінді жемесін десең, сен оны жеуге тиіссің. Мен де пышағымды сермеп бақтым. Пахан кәнігі қылмыскер болатын, пышағы бірнеше рет көз алдымнан жарқылдап өте шықты. Бойы менен сәл биік, денесі ірі, өзі он жастай кіші. Бірақ, мен белімді бекем бұғанмын. Алысып жүріп, бір-біріміздің пышағымызды қағып түсірдік. Бірнеше рет жұдырық сілтесіп, содан кейін енді қайтып ажырамастай болып жабыса кеттік. Сол күйі сіресіп тұра бердік. Қанша уақыт қаржасқанымызды білмеймін, енді ойласам, мәңгі солай тұрғандай көрінеміз. Екеуміз де әлсіреп қалдық, ашу-ыза мен шарасыздықтан қалшылдап, тісімізді шақыр-шұқыр қайраймыз. Аузымыздан қанды көбік бұрқырап, қыр-қыр етеміз. Қанша шыдарымызды кім білсін, әйтеуір құлауға болмайтынын екеуміз де түсіндік. Өйткені қарсыласын жығып салып, үстіне шыққан адам пышақты да бірінші болып алады, сонда бәрі бітеді.

Әлсіздіктің әлегінен, сосын жан шыдамас тіресуден басым айналып, ағаштар қалқып жүргендей көрінді, жердің өзі шыр айналып тұрғандай, аяғым бүгіліп барады. Қарсыласымның да күші сарқылды, қатты ашудан беті қисайып кеткен.

Кенет бүк түсіп, босаған қапшықтай сылқ етіп құлады. Ондайды күтпеп едім, күрт кері шегіндім, қарсы алдымда Баклан тұр. Жуан бұтақпен Паханды қарағұстан ұрып құлатыпты.

Әлім құрып, сол жерге отыра кеттім. Паханның пышағын көтеріп алған Баклан әлгінің тамағын орып жіберді. Қаны бұрқырап қоя берген дәу жігіт қыр ете қалды, бірер рет дір-дір етіп, сұлық түсті. Баклан екеуміз үн-түнсіз бір-бірімізге қарадық.

Баклан от жақты. Түтіннің иісі мен жанған бұтақтың сытырынан үміт ояңғандай. Оттың басында отырған күйімде алысқа, тайганың түкпіріне көз жібердім. Алдымда не күтіп тұрғаны беймәлім, шамасы, аштан өлетін шығармын. Ал мұнда, міне, мол ет пен оттың қасында отырмын.

Баклан мен жаққа қарамастан өліктің қасына барды. Әуелі қалтасын, зат қапшығын ақтарды. Аздаған темекі, сіріңке сосын... бір қорап тұз шықты! Көрдің бе мынаны дегендей қарап қояды, қолында тұз. Бір-бірімізді айтпай-ақ түсіндік – Пахан алдын-ала дайындалып, Бакланның етін тұздау үшін арнайы алып шыққан!

Баклан жыртқыш андай тісін ақситып, өлікті паршалауға кірісті.

Төгілген қанды да, өлімді де талай көргенмін. Шайқас қызған кезде мәйіттерді табанымызға тапап жүретінбіз, керзі етікпен адамның қанын кештік, сол қанды көбірек төгу үшін ұран салып, оқ бораттық. Бірақ, бұл басқа жағдай...

Қазір тірі қалу үшін адам етін жеуім керек.

Тайга тым-тырыс, сол үнсіздіктің өзі еңсені езеді.

Бойымды билеп алған аштық ақылыма да ауыз салыпты. Өлген адам

енді адам емес, үйілген ет болып көріне бастады. Бейне бір мал сойғандай елестеттім. «Мүшелеп, асып же! Басқа амалың жоқ!» — деп әмір етті ішкі дауысым.

Каннибалдар кісі өлтіріп, етін жейді — бұл олардың аман қалу үшін табиғи қажетін өтегені. Бұл тұрғыда, олар азық үшін мал соятын кәдуілгі адамдарға ұқсайды. Ал миллиондаған адамды қанды қырғынға айдап салатын корольдар, патшалар, фюрерлер, президенттер, генералдар кім? Олармен салыстырғанда қанқұйлы каннибалдың өзі үлкен гуманист болып көрінеді.

Пышағымды ұстап, өлікке ұзақ қарап тұрдым. Неден бастайын, қай мүшесінен? Мүмкін әуелі қолын кесіп алу керек шығар? Сол сәтте көз алдыма баяғы қар басқан өлілер ауылындағы есі ауысқан қыз бала елестеді. Кері қарай ыршып түстім. Мына жерден тұра қашқым келді — алды-артыма қарамай қаша берсем! Бірақ қаша алмадым. Қозғалуға шамам жоқ. Өлі денені, жаңа ғана өлтірілген адамның мәйітін тастап кете алар емеспін.

Баклан адам кейпінен айырылған екен... Көз алдымда жыртықш аңға айналып шыға келді.

Пахан әбден ашыққанда оны сойып жеуді алдын-ала жоспарлап, дайындалған. Бірақ тағдыр басқаша шешті, енді оның өзін Баклан қақтап жемек. Бірақ мен олай істей алмадым. Жаратқан Иемізге жалбарынып, ата-баба аруағына сыйындым.

Кенет Баклан екеуміздің жолдас бола алмайтынымызды ұқтым. Паханның өлімінен кейін ерте ме, кеш пе — бір-біріміздің кеңірдегімізді жұлып алуымыз кәдік. Аштық бізді айуанға айналдырып жібереді.

Үн-түнсіз орнымнан тұрып, жүре бердім.

— Сен не, жындымысың? — деп қырылдады соңымнан Баклан. — Аштан өлесің ғой! Ол бізді қиналмастан өлтіріп, жей салар еді! Қайт кейін! Екеуміз бірге болсақ аман қаламыз!

Жауап қатпастан жүрісімді жалғастырдым.

— Мейлі, өзің біл!

Бакланның дауысы жабайы аңның ырылындай естілді. Ақырын артыма көз жібердім. Баклан мәйітті екілене боршалап жатыр.

Бұл жерден аулақ кетуге тырыстым.

Орманда қанша уақыт адасып жүргенімді білмеймін. Ақыры ашық алаңқайға шықтым. Тәлтіректеп, алға қарай жүре бердім. Әлдебір құпия күш құлатпай демеп, алға қарай жетелеген сияқты, соны әлі түсінбеймін.

Бағыт-бағдардан біржола айырылып, адасқан күйімде жүре бердім. Айналам түгел орман, зәулім-зәулім ағаштар. Қашан құлап, қай ағаштың түбінде қаларымды үнсіз күтіп тұрғандай. Басым айналып, көзім қарауытып, есімнен танып бара жаттым. Ара-тұра есімді жинап, құдды тұманнан шыққандай боламын, ізінше қайтадан есімнен танамын. Осымен біттім деп ойладым. Аллаға сыйынып, өлімге дайындалдым, сонда да ілбіп жүре бердім...

## Тағдырдың тартуы

Кенет біреуді көрдім, алдымда кетіп бара жатыр!

Ол да менің бағытыммен жүріп келеді, тек сәл оңға қарай бет алған. Қайдан шыққанын білмедім. Жүрісі жеңіл, ормандағы қалың шөптің бетімен сырғып келе жатқандай. Қазақтың шапанына ұқсайтын аппақ желеңі желбіреп барады. Артына бұрылмастан жүріп келеді, дауыстап шақырайын деп едім, үнім шықпады. Мені байқамай, алыстап кететін болды-ау! Қалып қоямын ба деп қорқып, жүрісімді үдету үшін бар күшімді салып едім, әлсіз-

діктен сүрініп жығылдым. Орнымнан тұрсам, ғайып болып кетіпті. Жығылардың алдында екі үлкен қарағайдың арасымен өткенін көріп қалғанмын, мен де солай қарай жүрдім.

Сол мезет қоянды көрдім.

Әуелі абыржып қалғам, дереу есімді жиып, баспалап жақындай бердім. Бірақ құр қолмен қоянды қалай ұстауға болады? О, керемет, қоян қақпанға түсіпті!

Қақпан құрса жақын маңда адамдар болғаны! Бірақ ол кезде оны ойлауға шамам болмады! Үркек қоянды шап беріп ұстап алдым да, «бісімлләһи» деп бауыздап жібердім. Тездетіп от жағып, қоянды мүшелеп, қақтадым да жеуге кірістім...

Мұндай дәмді етті ешқашан жеп көрмеген сияқты сезіндім! Кенет баяғы ашаршылық есіме түсті: үсіп өлген саршұнаққа жете алмай жан тапсырған бейшара көз алдыма келді! Мен де солай өліп қалуым мүмкін еді. Қоянды көрмей, бірер қадам бұрылып кетсем болды! Ақылға сыймайды — қалың тайғанын ішінде қақпанға түскен қоянға қалай тап болдым?! Өз бағыма сенер-сенбесімді білмей, Жаратқан Иеміз бен бабаларымның аруағына іштей рахмет айттым. Ия, мұның бәрі жай ғана кездейсоқтық емес! Қанша рет ажал маған төніп келді, бірақ ең соңғы сәтте әлдебір кереметтің күшімен аман қаламын. Сол сенімнен қанаттанып, рухым көтерілді.

Тойып алып, ұйықтап кетіппін.

Арада қанша уақыт өткенін білмеймін, әлдебір түсініксіз сезімнен оянып кеттім. Көзімді ашсам, қарсы алдымда қолына мылтық ұстаған әйел тұр!

Әуелі елес деп ойладым.

Жок, шынымен әйел. Орысша тіл қатты:

— Әй, сен кімсің?

Дыбысым шықпай қарап қалыппын, ажалдан құтылғанымды түсініп, бойым жеңілдеп сала берді.

— Әй, шал! Бол, жауап бер!

Ол мылтығын кезене бастады.

— Берілдім! — дедім, зорға тілге келіп.

Әйел қасыма жақындап, сұрастыра бастады: кімсің, қайдан келдің, мұнда неғып жүрсің?

Тергеп болғасын өзімен бірге ертіп кетті. Тайғаның сүрлеуімен біраз жүрген соң шағын қонысқа келдік. Бірнеше тозығы жеткен, иелері тастап кеткен үй-жайдан тұратын мекен. Кейбір үйлер жартылай құлаған.

Өзінікі болса керек, бір үйге кірдік. Үн-түнсіз шәй қайнатты. Ыстық шәйдан бір ұрттап едім, дәмі керемет екен, таң қалдым.

— Іше беріңіз. Шөптен жасаған шәй.

— Рахмет! Сіз мені құтқарып қалдыңыз!

Әйелдің жауабы таң қалдырды.

— Құтқарылған құтқарушысын құтқарады! Сізге рахмет!

Есімі Татьяна екен. Әдемі, сары шашты, ірі денелі. Кейін білдім, жасы қырықта. Қимыл-қозғалысы жеңіл, серпінді, күші сыртына теуіп тұрған қайратты әйел. Бір-бірімізге бойымыз үйреніп, әңгімелесе бастадық.

Татьяна мұнда қалай тап болғанын айтты. Отыз сегізінші жылы, қуғын-сүргіннің кезінде күйеуі екеуін тұзаққа түсіргелі жүргендерін біліп, Омбы қаласынан Сібірдің бір түкпіріндегі шағын қыстақта тұратын әжесіне қашып келіпті.

— Бір жылдан кейін НКВД қызметкерлері қайда тұратынымызды біліп қойып, қақпан құра бастағанда әжеміз тайғаға тығылуға кеңес берді. Сол маңда бірнеше қоныс бар, заманның ауаны өзгергенше сонда жасырына



тұрындар деп ақыл қосты. Мұқият дайындалып, ұлымыз бен қызымызды әжемізге қалдырдық та тып-тыныш тайып тұрдық, Берияның тіміскілері тұмсығының астындағы құрбандықтан айырылып, сандарын соғып қалды. Әжеміздің оларға былай деп қиыстыратын болған: «Саңырауқұлақ тереміз деп тайғаға кеткен, содан оралған жоқ! Адасып кеткен шығар!». Екі халық жауын іздеп, тайганы кім араласын? Және уақыт та сондай, адам қолы жетіспейді. Тайганы кезіп кемінде жүз шақырымдай жол жүрдік. Мылтығымыз, оқ-дәріміз бар, азық-түлік жеткілікті. Ақыры ескі дінді ұстанушы – староверлердің осы мекеніне тап болдық. Діни қысым көрсетушілерден құтылу үшін өткен ғасырда тайғаға жасырыныпты. Кемпірлердің айтуынша, өзге әлемнен оқшауланып, бір ғасырдан астам уақыт осында тұрған. Біз келгенде азайып қалған екен – бірнеше үйде небәрі тоғыз адам тұрады. Біртіндеп олар да өліп, бір кемпір ғана қалды.

Татьяна сәл үнсіз отырды. Сосын осыдан бір жыл бұрын, күзге салым күтпеген жерден күйеуі қайтыс болғанын айтты.

Көктем шыға соңғы серігі әрі сүйеніші болған кемпір дүниеден өтеді. Татьяна ұшы-қиырсыз жабайы тайғада жалғыз өзі қалыпты.

– Мен орыс қызымын, күйеуім де орыс болатын, – деді ол. – Екеуміз де дүниеге келгелі христианбыз. Бірақ мектепте де, институтта да Құдай жоқ деп миымызға құйып бақты! Мәңгілік материя ғана бар, мәңгі бола береді, бір күйден екінші күйге ауысады, ешқашан жоғалып кетпейді. Үйде әжеміз құлағымызға сіңіреді – «Бәрі де бір Құдайдың әмірімен болады!» Өзіңіз шешіңіз, қай діннің адамына жатамын?! Құдайға сенгеніммен христиан дінін тиісінше ұстанбаймын. Советтік атеизм өзінің материализмімен сиқырлап тастаған, қайтеміз енді.

Ескірген, шағындау айнаға көз жібергенмін, денем дір ете қалды, Татьянаның мені неліктен шал деп атағанын түсіндім. Соңғы рет қашан айнаға қарағанымды ұмытыппын. Өз кейпімді көріп қайран қалдым. Арыған, сақал-мұрты өскен, шашы ағарған, бет-жүзі әжім-әжім қария бір кездегі түрімді еміс-еміс еске салады! Ал мен небәрі елу жастамын, өзімді шалмын деп есептеген емеспін.

Бірнеше күн бойы өлген адамдай ұйықтадым. Госпитальдан кейін өйтіп ұйықтамаған шығармын. Тайға тым-тырыс, таза ауа, тыныштық – шаршап-шалдыққан адамға басқа не керек. Ең бастысы, мұнда соғыс та, лагерь де, ерекше бөлімнің қызметкерлері де, пахандар да жоқ! Ешқандай билікке де бағынбайсың!

Бірақ, адамдар да жоқ! Бұл туралы кейінірек, бірер күн өткен соң ойлай бастадым. Әуелі демалып, бәрін ұмытқым келді, бәрін ұмытып, тынығып алсам!

Бұл маған тағдырдың тартуы, сыйлығы болатын. Қанша жылдар бойы адам төзгісіз ауыр сынақтан өттім, енді тайганың арасындағы тып-тыныш мекенге келдім, тұмса табиғаттың аясында рахаттанып жатырмын!

Қайтадан қалпыма келгенше ұзақ уақыт өтті.

Сол кезде менің жағдайым мәз емес еді – бір қатерден екінші қатерге қарай қашып келе жатқанмын. Тіпті тайгадан аман шығып, әлдебір қалаға, стансаға барсам да, өкімет орындары тергеуге алар еді – кімсің, қайдан келдің, неғып жүрсің? Ал тайганың ішіндегі адам таппас мекенді паналау – аман қалудың ең қолайлы жолы!

Тыныштықты қанша жыл аңсадым! Кейде адамдардың ессіздігін, қиянат-қылмысы мен қан төгуін көрмеу үшін белгісіз бір жаққа – мұхиттың арғы бетіне, ну орманға, аспан әлеміне қашып кеткім келетін! Ол ойым белгісіз әлемге бастаушы еді. Енді міне! Өкіметтен, қоғамнан қашып құтылмақ

болып едім, тайгадан бір-ақ шықтым. Табиғи тыныштық жаныңды аялайды. Тайганың ауасы қуат береді. Ну орманның сыбдыры көкіректі тербейді. Уақыттың өзі тоқтап қалғандай. Рахаттанып өмір сүр, күш-қуатыңды толтыр. Қарағайдан қиып салған үйде тұрып жатырмын. Қасымда ақжарқын, мейірбан әйел бар.

Сонда да жан-дүнием байыз таппады. Бұрынғыша туған үйімді, балаларымды, өскен өлкемді ойлаймын. Дегенмен, біртіндеп жаңа өмірге үйрене бастадым, оны сол қалпында қабылдап, тынышталғандай болдым.

Татьяна екеуміз жиі-жиі ұзақ-сонар әңгімелесеміз. Әрқайсымыз өмір тарихымызды, көрген-білгеніміз бен бастан кешкенімізді айтамыз. Уақыт өте келе жақындасып, бір-бірімізді жақсы көріп кеттік.

Толық қалпыма келсем де, біртіндеп сауыға бастадым. Көп ұзамай қыс түседі, мұқият дайындалу керек. Қолда бар еңбек құралдарын тексеріп шықтым.

Көне де болса жарамды балта, сүймен, күрек таптым. Татьянаның мылтығы мен бірнеше патроны бар.

— Мылтық атпағалы көп болды, патронды үнемдедік! — деді ол. — Негізінен, аңды қақпанмен аулайтынбыз!

Әуелі, өскен бидайды орып, картопты жинап алдық. Азық-түліктің артығын ұраға салып қойдық. Кержақтар тұқымдық астыққа ұқыпты болып, көздің қарашығындай сақтап, келесі егіс науқанына дейін ұралар мен қамбаларда ұстаған екен.

Тағамымыз біркелкі болатын. Бірақ, Татьяна бір ғана азық түрін әрқилы етіп дайындай біледі. Нан пісіріп, картопты қабығымен қайнатады. Кейде құрып қойған қақпанымызға қоян түседі, ол күн біз үшін нағыз мереке.

Татьянаның құнарлы да емдік тағамының бірі бидайдың өскіні болатын. Жаңа бүршік жарған бидай сондай нәрлі болады, адам бойына өмірлік қуат береді деп кім ойлаған!

— Тұз, қант, май, шәй болмауы — түк емес. Керісінше, соның өзі жақсы! — деп мойымауға шақырады Татьяна. — Емшілер денің сау болып, ұзақ өмір сүргің келсе майлы, тәтті, тұзды және қуырылған тағамдарға жолама дейді. Міне, ағзаңызды тазартып, денсаулықты түзеуге мүмкіндік туды! Менің әжем Сібірдің емшісі болатын, шөппен емдейді. Толып жатқан ауруға қарсы халық емдерінің рецептін біледі, талай кітап жазуға болады. Бір кезде солардың біразын жазып алғанмын. Емдік шөптердің денсаулыққа, ұзақ өмір сүруге пайдасы туралы таңғажайып нәрселерді айтатын! Ол маған көп нәрсе үйретті, табиғатты аялауға баулыды. Тайга — денсаулыққа пайдалы заттардың қоймасы, сырын білетін адам мұнда ешқашан аштан өлмейді дейтін. Айналамыздағы заттардың бәрі пайдалы! Тек шамасын білу керек! Бәрінің де шамасын білген жөн, егер шамадан артық болса дәрінің өзі уға айналып кетеді! Ал шамасын білсе удың өзі ем! Табиғаттың сыйы адамның ағзасын тазартып, денсаулығын нығайтады, біз соны қаперімізге ала бермейміз.

Татьяна қарағай мен тырбық самырсынның тікені мен бүршіктерінен емдік тұнба дайындайды. Өсімдіктердің дәрілік қасиеті туралы сағаттап әңгімелейді, әр уыс шөпті, дәнекті, жаңғақ пен жемісті аялап, шатырға жинап кептіріп, қысқы қор жасайды. Маған, көшпенді малшының баласына соның бәрі ертегідей көрінеді.

— Қазақтар ешқашан шөп жеген емес! Шөпті біздің жылқымыз, түйеміз бен сиырымыз, қой-ешкіміз жейді, біз үшін пайдалы заттар мен витаминдерді бүкіл даладан солар тереді. Біз олардың етін жейміз де соның бәрін бойымызға сіңіреміз. Ал сен, сиқыршы-емші, көшпенді қазаққа ат секіл-

ді шөптің сығындысын ішкізесің! — деп қалжыңдадым бірде. Ол күлгенде жүзінде нұр ойнап, үйдің іші жарқырап, жылынып сала берді.

— Еркектер бүлдіреді, әйелдер емдейді! — дедім мен.

— Әйелдер от секілді, не — емдеп шығарады, не — өртеп тынады! — деп жауап қатты ол.

Құтқарушым болған емші әйел мені емдеп қана қоймай, бұрын беймәлім болып келген жаңа әлемнің есігін ашты, жаңа өмір салтымен таныстырды.

Татьяна бойымнан алуан түрлі ауру тапты, солардың бірін де білмей келіпін. Ата-бабамыз ондай аурулардың атын да естімеген болар.

— Соғыс, жоқшылық, лагерь, мардымсыз, құнарсыз тағам және үнемі жүйкенің ширығып жүруі пілді де құлатар еді. Соның бәріне қалай төтеп беріп, аман қалғансыз?— деп сұрайтын.

Сосын өзіне-өзі жауап береді:

— Табиғи сұрыптаудан өтіп, табиғат аясында салауатты өмір сүру, қоспасыз таза тамақ ішу, тынымсыз қозғалыс, далада үнемі атқа мініп жүру, көшпенділердің қаны мен жанының тазалығы, дініне беріктігі, байсалдылығы дененіз бен рухыңызды әбден шынықтырған, тағдырдың қатал сынақтарынан аман өткеніңіз соның арқасы!

Татьянаның айтуынша, адам денсаулығын ойлап, күтініп жүруі керек, дұрыс өмір сүруге тиіс. Бұл мен үшін жаңалық болатын. Салауатты өмір салты дегенді енді түсіне бастадым. Дұрыс тамақтану, емдік тыныс алу, тынымсыз қимыл-қозғалыс, жан тыныштығы. Тұзды, тәтті, майлы және қуырылған тағамды жемеу.

Және көне дәуірлерден бері әр түрлі халықтардан шыққан кемеңгерлер кейінгіге өсиет еткен, бірақ өркениетті адамдар баяғыда ұмытып кеткен ең басты алтын заңды есімде сақтап қалдым — бәрі де шектен аспайтын мөлшерімен пайдалы! Элладалық данышпан Солонның да ұстанған қағидасы еске түседі: «Ешнәрсені де шектен шығарма!» Бала күнімізде бәрімізді еркелетіп, шектен шығып бара жатсақ тәртіпке шақыратын әкемің даусы құлағыма келеді: «Дәмімен, балалар, дәмімен! Не нәрсенің де дәмі бар! Дәмінен асып кетсе, жаман болады!»

Мен темекіні тастадым. Біржола қоштастым. Біріншіден, махоркам тасуылды, екіншіден, Татьяна шылым шегудің зиянын қолмен қойғандай түсіндіріп берді де, никотинді тезірек ұмытуға тырыстым.

...Көп ұзамай қыс түсті.

Тайгадағы қыстың алғашқы күні әлі есімде. Қар жауып тұр. Жапалақтап жауды. Жер бетіне кіршіксіз тазалықтың өзі келіп қонақтаған тәрізді. Төңіректе таңғажайып тыныштық орнаған. Таң-тамаша болып, аспанға қарап алақанымды жайдым. Жуан саусақтарыма, күс басқан алақанымға қонған қар еріп кетеді. Туып-өскен Көкшетау өлкесі, бала күнімізде алғашқы қарды қалай қарсы алатынымыз еске түсті. Анам мен балаларым, әйелім мен туыстарым, жерлестерім қазір ашық аспан астында қар жапырақтарын аулап тұр ма екен деп ойладым! Қар — барша адам үшін қар, оған біздіклер мен бөтендер, балалар мен қарттар, коммунистер мен фашистер, бейбіт тұрғындар мен қарақшылар — бәрі бірдей алақанын тосады. Бәлкім, әрқайсысы әр түрлі әсерленетін шығар, дегенмен бәріне ортақ нәрселер де бар. Ия, табиғат-анамыз бәрімізге бірдей, бірақ, адамдардың өздері оған әр түрлі қарайды.

Ал, тайганың қары ерекше. Қадам аттасаң сықырлап қоя береді, бейне бір әңгіме айтып тұрғандай. Сол әңгіме көңіліңді сергітіп, серпіліп қаласың, ит тұмсығы батпайтын ұшы-қиырсыз тайгада жалғыз еместігіңді ұғынасың. Ақ қар айқара ашылған, әлі еріп түспеген кітапқа ұқсайды.



— Бұл жақтың қысы ұзақ! — деді Татьяна. — Қар қалың түседі — ой-ой-ой! Шатырға дейін көміп тастайды! Бірақ боран болмайды, тайга жел жібермейді — жым-жырт тыныштық! Есесіне аязы үскірік!

Біреп аптадан кейін тайганың нағыз қызылшұнақ аязы табиғатты темір қыспағына алды. Жердің бетін қанттай аппақ, қап-қалың, сұп-суық қар басты, қарағайлар аязға шыдамай сықыр-сықыр етеді, бұтақтары шартылдап сынып жатыр. Төбемізден төнген сұр аспан сұп-суық, ауаның өзі де аяздан шыңылдап тұр. Тайгамен бірге ол да ыңырситындай көрінеді.

Түн баласы жұлдызды аспанға көз жібереміз. Мұндағы жұлдыздар басқа жерлермен салыстырғанда жарық та ірі сияқты әрі тым жақын тұрғандай. Төңірек түгел қараңғы түнек болғандықтан солай көрінетін болса керек. Кейде алқаракөк аспанды қақ жарып, жұлдыз ағады. Ондайда қуанып қаламыз, құлды әлдебір биік те ұлы құпияға өзіміздің де қатысымыз бардай сезінеміз.

Осы түкпірден аман шығуды аңсаймыз. Сонымен қатар, шынайы өмір сүріп, адам қалпымызда қалғымыз келеді.

Торығып, сарыуайымға салынып, тіпті, жынданып кетпеу үшін әр күнімізді жоспарлап қоямыз. Бір-бірімізге өз өмірімізден, көргеніміз бен бастан кешкенімізден айтылмай қалған жәйттерді тауып, әңгімелейміз.

Тек өткен-кеткенді ғана айтып қоймай, кейде жай ғана ұсақ-түйекті әңгімелеуші едік. Мысалы, кейде үйден шығып, ағаштың тасасында тұрған аюды көреміз. Қалшиып тұра қалып, қорыққаннан балтаның сабын қыса ұстап, дұрыстап қарасаң, аю емес, қасқыр болып шығады. Қасқырға алдыра қоймаспын деп ойлайсың. Сәлден соң ешқандай қасқыр да жоқ, жай ғана бұта екенін көресің! Соны айтып мәз боламыз. Немесе әңгімені барынша ұзартып, суға барғанымызды, қауғаның әлденеге ілініп қалғаны, бауын сілкілегеніміз, қауғаның суға қалай толғаны, оны қалай суырып алғанымыз туралы айтамыз. Ондай әңгіме жаныңды жадыратады, ермек болады, шын көңілімізден күлісіп, масайрап қаламыз.

Қыста сырғанақ жасап, су құйып қатырып, бала күніміздегідей сырғанапаймыз. Балалық шақты еске алып, бір мезет нақты болмысты ұмытып, шынымен бала болып кетеміз. Бұл қызықты әрі дене күшінді молайтып, жүйкеңді сауықтырады. Бар даусымызбен рахаттана күліп, қуанғаннан балаша шыңғырамыз. Ұялатын ешкім жоқ, айнала тайга.

Ондай психологиялық терапия өте керек болатын. Өмір мен өлім арбасып, ширығумен өткізген ұзақ жылдар жүйкемді әбден тоздырған. Жүйкемнің жұқарғанын бұрынырақ байқамаған себебім — оған уақыт болмапты. Бірінен бірі қорқынышты қат-қабат оқиғалар тасқыны сәл кідіріп, болып жатқан нәрселерді байыптап алуға уақыт қалдырмады. Құтырынған заманның заулаған екпіні алды-артымызға қаратпай сүйрелей берді. Соның бәрі артта қалып, енді тыныштық тапқанымда бастан өткен сұмдықтардың жаңғырығы жан-жүрегімді қайта тырналап, мазамды қашырды. Өткен өмірім көз алдыма елестеп, жадымда жаңғырып, отызыншы жылдардың қасіреті — аштық пен қуғын-сүргін, мән-мағынасыз соғыс пен лагерьдегі жойдасыз қатыгездік түсіме енетін болды.

Түнімен миымда соғыс күркіреп шығады. Жүйкемнің жұқарғаны соншалық, түсімде ыңырсып, сандырақтап, түн ортасында шошып оянамын. Татьяна бәріне төзіп, жылы сөзімен жұбатады. Ол маған сәтімен жолықты, жанымның қиналысын түсініп, жылы сөзін дәру қылып, емдік шөптердің тұнбасымен емдеді.

Басымнан өткен теперіштің бәрі жанымға терең сіңіп қалыпты, олардан арылу мүмкін емес. Өмір тарихым туралы әңгімелеп, патша жасауылдарының

қазақ ауылдарындағы жазалау операциялары, Кіші Қазан төңкерісін жасаймыз дегенді сылтауратып қолдан ашаршылыққа ұрындырып, халқымызды жаппай қырып-жою, отыз жетінші жылғы қуғын-сүргін, соғыстағы қырғын, лагерьдегі қиындықтар жайында айтқанымда Татьянаның көз жасы парлап қоя беретін. Ішіме жиған қайғымды ақтарғаннан кейін бір жеңілдеп қаламын.

Біртіндеп қалпыма келе бастадым.

Жалғыз мылтықтың ескі екенін, патронның да аздығын көріп, аңшылық пен қорғанис үшін қару дайындауды ойластырдым. Ұзақ әуреленіп, садақ жасап алдым. Дұрысы, Татьяна екеумізге орташалау екі садақ жасадым. Жінішке бұтақтардан жебе дайындадым. Қирап-бүлінген иесіз үйлер мен қоралардың шіріп кеткен тақтайларынан суырып алған ескі шегелердің пайдасы тиді. Әжептәуір шұқынып, біршама төзім танытқаннан кейін шегелерді бұтақтарға бекітудің сәті түсті, жебелер дайын. Енді садақ атып жаттыға бастадық, бұл қызық екен. Ысқыра ұшқан жебе үйінді қарға немесе ағашқа сарт етіп қадалады. Әрине, ондай садақтан атып қасқырды өлтіре алмайсың, аю туралы айтпаса да болады, бірақ қоян немесе құс аулауға жарап жатыр. Ең бастысы, алысқа және дәлдеп атуды асқан қызығушылықпен үйрендік. Уақытты солай өткіздік.

Ал тайгада уақыттың өтуі де өзгеше. Сағат ұзарып кеткендей, күн мен түннің ауысуы тым баяу жүреді. Уақытымыздың көбін табиғат аясында өткіземіз. Төңіректі зерттейміз, тайгадан шығатын жол іздейміз.

Татьяна сені маған Құдайдың өзі жіберген дейтін. Мен болмасам жалғыз өзі тайганың бір түкпірінде қатал қысқа қалай шыдар еді?

Мен оған аты бүкіл даламызға мәшһүр Татьяна туралы әңгімелеп бердім. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан Абай аударған Татьянаның хатын халқымыз ән қылып айтатын.

— Сен менің Татьяна боласың! Сен де ерекше адамсың! — деймін оған.

Ұялғаннан қызарып кетеді, жүзі жайнап шыға келеді.

Қыстың ұзақ кештерінде бір-бірімізге ертегі, аңыз, тәмсіл, білетініміздің бәрін айтып береміз. Өміріміз туралы, адамдар жайында, бастан өткен хикметтерді әңгімелейміз. Кейбір оқиғаларды қайтадан еске алып, тағы да айтатын кездер болады. Соның өзі жақсы, жадымызды жаңғыртып, адам қалпымызда қалуымызға септігін тигізді.

— Тайгадан шықсақ, өзіммен бірге ала кетемін сені! — деймін Татьянаға шын көңіліммен.

— Сосын не болады? Ол жақта қалай өмір сүремін? — деп сұрайды ол.

— Қалайы несі? Әйелім боласың, адам емдейсің!

— Сүйікті Халимаң бар емес пе!

— Ал сен тоқал боласың — екінші әйел!

Бұл ұсынысымды Татьяна әзіл деп қабылдайды. Мүлде түсіне алмай, мені күлкіге айналдырады.

— Жок, бұл нағыз жабайылық! Ешқашан келіспеймін! Одан да өзің осында қал! — дейді Татьяна. — Сүйетінің рас болса — қаласың!

— Сүйемін, сондықтан ертіп кетемін! Бұл жақта қалмаймын!

— Қалай сүйесің? Халима ше?

— Екеуіңді де сүйемін!

— Түсінбеймін, екі әйелді бір мезгілде қалай сүйуге болады?!

— Еркек болғаныңда түсінетін едің! — деп әжуалаймын. — Міне, қара: арыстандардың жеке прайды болады, айғырлардың өз үйірі бар. Табиғатта бәрі дұрыс, өз ретімен жүреді. Тек біз, өркениетті адамдар, табиғат заңын бұзып, қолдан заң жасап аламыз.

Ол ұялып қалады.

— Алдарқатпа, бәрібір келіспеймін!

Құшақтаса кетеміз, қос жүректің лүпілі ғана естіледі.

Пешке от жаққанды ұнатушы едім. Бұл біздің бір сарынды өмірімізді түрлендіретін тұтас өнер болып шықты.

Әуелі түнде кептіріп қойған жаңқаларды мұқият қалап, үстіне бірнеше ірілеу топалақ саламын да, тұтатып жіберемін. От жанған соң алаулаған жалыннан көз алмай, пештің жанында ұзақ отырамын. Жалын тілі мың құбылады, аяздан қатып қалған ылғал отын ысылдап, сосын шартылдап жана бастайды. Оттың неше түрін көргенмін, талай мәрте өзім де өртеніп кете жаздағам. Бірақ бұл от басқа. Бейбіт өмір оты. Жаландаған жалын тіліне қарап отырып, алыстағы өз ошағымды сағына еске аламын, мұңға батамын.

Жазда бірнеше рет тайгадан шығып, адамдардың қонысын табуға тырыстық. Дайындалып, азық-түліктен қор жасадық. Жолға шығып, жүрген жерімізде ағаштарға балтамен белгі салып отырдық. Бірақ, онымыздыа түк шықпай, кері қайтқанбыз.

Тайгада үш жылдай тұрдық. Өте ұзақ үш қысты адамдардан аулақта өткіздік. Тек екеуміз ғана. Дегенмен бір күні бұл жерден шығатыныма сенетінмін. Ғұмыр жолым туған өлкеден алыста аяқталмаса екен. Біз тайга арқылы ақырғы рет сапарға шығуға дайындалдық.

Менің жалғыз-ақ мақсатым болды — туған жеріме жетіп, үйімнің табалдырығын аттасам, анамды, балаларымды, әйелімді, туыстарымды көрсем, солармен бірге бір үзім бауырсақ жесем, содан кейін өлсем де мейлі. Тек аман-есен үйге барып, туыстарыммен қоштасып үлгерсем, қабірім туған жерімнен бұйырса болды! Ештеңеден қорыққан жоқпын! НКВД мен ерекше бөлімнің қызметкерлері, фашистер, шовинистер енді қорқыта алмайды мені! Үйге жету керек, үйге! Көкірегімнің терең түкпірінен шыққан осы бір әмірлі дауыс күн санап күшейе берді, жарақаты жазылып, тынышталғандай болған жаныма маза бермей қойды.

...Үшінші жылы жаз шыға сапарға аттандық. Бұл қатерлі болатын: алдымызда жабайы тайга мен белгісіздік күтіп тұр. Бірақ шегінгіміз келмеді. Енді мұнда өмір сүріп, әлденені күту мүмкін емес еді.

Күнге, жұлдыздарға қарап бағдар ұстап, күн демей, түн демей жүре бердік. Бірнеше апта артта қалды. О, ғажап!.. Ақыры тайгадан да шықтық!

Бірер күннен кейін Татьянаның әжесі тұратын мекенге жеттік. Жасы сексеннен асып кетсе де әлі тірі екен. Түр-әлпеті жас, қимылы ширақ — емші емес пе! Татьянаның балалары есейіпті. Туысқандардың он төрт жылдан кейін кездесуі жан тебіренерлік көрініс болды — әрі қуанып, әрі жылап жүр. Менің де жанарыма жас үйірілді.

Бір апта солармен бірге тұрдым. Сосын қоштасатын уақыт келді.

Әжесі мен балалары Татьянаны құтқарып, қолдау көрсеткенім үшін алғыс айтты, мен де оларға сол үшін ризашылық білдірдім.

Татьяна мені қыстақтың шетіне дейін шығарып салды. Қоштаса алмай біраз қиналды. Едәуір қашықтаған соң артыма бұрылғанмын — жол бойында әлі тұр екен. Қолын бұлғап қойды. Мен де солай жауап бердім. Біржола қоштасқанымызды екеуміз де түсіндік.

Өмір солай — кездесу мен қоштасулардан тұрады, біз — адамдар — бір-бірімізге тағдырдың көзге көрінбес жіптерімен байланғанбыз.

Бір жылға жуық уақыт бойы ел кезумен жүрдім. Вокзал, стансы, елді мекен, елсіз дала — бәрін араладым. Жолшыбай Сталиннің өлгенін естідім. Жаным жеңілдеп қалды, қиындықтан енді құтыламын деген үміт пайда болды.

(Соңы келесі санда)